Алматы тіршілігі арнасына түсіп келеді
5-бет

Елдіктің жолында бірлік керек
6-бет

Аза тұтудың азабы
8-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№6 (30235) 11 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Бұл – мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылыс

Елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан Президентінің бастамасымен шақырылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясы бейнебайланыс режімінде өтті.

Меруерт БҮРКІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл – нақты қолдау көрсету

Жиынға Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Арменияның Премьер-Министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Қырғызстан Министрлер кабинетінің Төрағасы – Президент Әкімшілігінің Басшысы Ақылбек Жапаров және ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясы Қазақстандағы соңғы оқиғаларда құрбан болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ бойынша әріптестеріне көрсеткен көмектері үшін ризашылығын білдірді. Қазақстан Президенті сессия қатысушыларына елімізде қалыптасқан ахуал мен оны тұрақтандыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берді.

– Саммитіміздің кезектен тыс өткізілуі төтенше жағдайларға байланысты болып отыр. Қаңтардың бірнеше күні ішінде Қазақстан ауқымды дағдарысты бастан өткерді. Бұл – Тәуелсіздіктің 30 жылдық тарихында болған ең ауыр оқиға. Мұндай деңгейдегі зор қауіп-қатермен біздің ұйым бұрын-соңды бетпе-бет келмеген. Қажетті құжаттарды келісу жөніндегі шұғыл жұмысы үшін Төрағамыз Никол Воваевич Пашинянға алғыс айтамын. Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путинге түсіністік танытып, ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштерін Қазақстанға жіберу мәселесі бойынша жылдам шешім қабылдағаны үшін ерекше алғыс білдіремін. Құрметті Владимир Владимирович, елімізге ланкестік шабуыл жасалған сәттен бері Сізбен тұрақты байланыс жасап отырмыз. Александр Григорьевич Лукашенкоға, Садыр Нұрғожоевич Жапаровқа, Эмомали Шарипович Рахмонға көрсеткен саяси және әскери бауырластығы үшін алғыс айтамын, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы әріптес елдердің моральдық қолдауы аса маңызды болғанын атап өтті.

– Бүгін Қазақстандағы қайғылы күндері қаза болған азаматтарды Жалпыұлттық аза тұту күні. Баршаңызға шынайы көңіл айтқандарыңыз үшін алғыс айтамын. ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Васильевич Заськa, Хатшылық пен Ұйымның біріккен штабының жұдырықтай жұмылған барлық ұжымына ризашылығымды білдіремін. Шын мәнінде, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің бірінің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз ету үшін Ұйымның бітімгерлік күштерін ауқымды түрде жұмылдыру жағдайы бірінші рет болып отыр. Біз үшін ҰҚШҰ бойынша әріптестеріміздің әскери ғана емес, моральдық қолдау көрсетуі де аса маңызды. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрі біртұтас майдан болып, Қазақстанның үндеуін бірауыздан қолдады,– деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Терроризм қаупі және агрессия актісі ретінде бағаланды

Отырыс барысында ел Президенті еліміздегі қазіргі жағдай мен өткен күндері болған оқиғалар туралы айтты.

– Оқиғалар желісі туралы ақпараттарды толық екшей отырып, биылғы жыл басынан бергі оқиғаның бәрі бір шынжырдың тізбегі екенін нық сеніммен айта аламын. Олар жымысқы оймен ұзақ уақыт бойы дайындалған. Дайындықтың қанша уақыт – бір жыл, екі немесе үш жыл жүргізілгенін тергеу анықтайды. Деструктивті күштер тұрақтылықты бұзуға, тәртіпсіздікке жол ашуға бірнеше рет тырысты. Мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктігін сынап көруге бағытталған сияқты болды. Олардың барлық әрекеттерінің жолы кесілді. Бірақ ұйымдастырушылар өз жоспарынан бас тартпай, қарулы қақтығысқа дайындалуға көшті. Бүлікшілер автомобиль газы бағасының көтерілуіне байланысты бірқатар өңірдегі халықтың наразылығын сылтау ретінде пайдаланды, – деді Қ.Тоқаев.

Президент бейбіт митингке жиналған азаматтардың талап-тілегі орындалып, автогаз бағасы бұрынғы деңгейіне түскенін және Үкіметтің отставкаға кеткенін жеткізді.

– Митингілер өтті. Оған қатысушылар әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси талаптарын қойды. Мемлекет оның бәріне құлақ асып, орындады.

Үкімет отставкаға кетті. Автогаз бағасы бұрынғы деңгейінде қалдырылды. Біз нақты әлеуметтік-экономикалық шаралар кешені мен қоғамдық-саяси реформалар жоспарын қабылдаймыз деп жариялядық. Бірақ Қазақстанға қарсы агрессия ұйымдастырушылар үшін мұның ешқандай мәні болмады. Стихиялық наразылық жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Діни радикалдар, қылмыстық топтар, жауыз содырлар, мародерлер мен ұсақ бұзақылар біртұтас команда ретінде бой көрсетті. Әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси талаптар екінші-үшінші орынға сырғыды. Оны ұмытып та кетті. Артынша аласапыран басталып кетті. Өздерінің қолайлы сәтін күтіп отырған қарулы содырлар тобы іске көшті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент барлық әскери іс-қимылдың бір орталықтан үйлестірілгенін баса айтты.

– Олардың басты мақсаты: конституциялық құрылысқа нұқсан келтіру, басқару институтын бүлдіру, билікті басып алу болғаны анықталды. Бұл жерде мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылу жөнінде сөз болып отыр. Қазір барлық әскери іс-қимылдың бір орталықтан үйлестірілгені, мұқият жоспарланған операцияның шешуші кезеңге шыққаны белгілі болды. Өңірлік биліктің, құқық қорғау органдарының ғимараттарына, тергеу изоляторларына, стратегиялық нысандарға, банктерге, телемұнара мен телеарналарға бір уақытта, бір мезгілде екенін қайталап айтамын, шабуыл жасау – соның айқын дәлелі, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы ел аймағында болған жантүршігерлік оқиғалар туралы мәлімет берді.

(Соңы 2-бетте)

Қауіпсіздікті қалпына келтіру ісі – басты міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.



Суреттерді түсірушілер А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Г.ӨМІРБЕКОВ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен шұғыл әрекет ету штабының кезекті отырысы бейнебайланыс режімінде өтті. Жиын барысында Бас прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Ішкі істер және Қорғаныс министрлерінің міндетін атқарушы тұлғалар баяндама жасады.

Мемлекет басшысына құқық қорғау органдары мен Қарулы күштердің еліміздегі жағдайды тұрақтандыру үшін қабылдаған белсенді шаралары туралы баяндалды. Адамдар мен көліктерді тексеру, сондай-ақ стратегиялық нысандарға бақылау орнатуды жүзеге асыру мақсатымен елді мекендердің аумағына 93 блок-бекет қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа заң талаптарына бағынбау және аса маңызды әрі стратегиялық нысандарға шабуыл жасау фактілерінің қатаң түрде жолы кесілгені жөнінде мәлімет берілді. Алматыда «Барлық» және «Алтын Орда» базарларын тазарту барысында 207 адам ұсталды. Олардан ұрланған 5 автокөлік, қару-жарақ, оқ-дәрілер, қалқандар тәркіленді.

Елордада алдын алу шаралары жүргізілуде. Оның барысында аулалар мен пәтерлердің тыныштығы қамтамасыз етіледі, сондай-ақ тәулік бойы автопатруль күзетеді. Жалпы, еліміз бойынша төтенше жағдай режімін бұзған 1,5 мың адам жауапқа тартылды.

Мемлекет басшысына негізгі күш-жігердің қазіргі уақытта террористердің мекенжайын анықтап, ұстау жөніндегі шұғыл шараларға бағытталып отырғаны баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қалпына келтіру ісін жалғастыра беруді, сондай-ақ аталған жұмыстар бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді күшейтуге тапсырма берді.

Еуропалық кеңестің президентімен келіссөз жүргізді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық кеңестің президенті Шарль Мишельмен бейнебайланыс режімінде екіжақты келіссөз жүргізді. Виртуалды кездесу еуропалық тараптың бастамасымен өтті, – деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Өзара достық пен сенімге негізделген әңгімелесу барысында тараптар Қазақстандағы қазіргі ішкі саяси ахуалды және Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы стратегиялық серіктестіктің даму перспективаларын талқылады.

Шарль Мишельдің өтініші бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі қазіргі оқиғалардың себептері мен қабылданып жатқан мемлекеттік шаралар жөнінде мәлімет берді. Президент конституциялық құрылысқа нұқсан келтіріп, мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылған террористер мен бұзақылардың зорлық-зомбылық әрекеттері туралы айтты.

(Соңы 3-бетте)

Құран хатым дұғасы оқылды

Кеше жарияланған Жалпыұлттық аза тұту күніне орай еліміздің мешіттерінде Құран хатым дұғасы жасалды. Сауапты шараға еліміздің барлық өңіріндегі құлшылық ордалары бір мезетте бірлесе үн қосып, қайғылы оқиғада қаза тапқандардың рухына Құран бағыштады.

Елорда төріндегі «Әзірет Сұлтан» мешітінде ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған дін қызметкерлері Құран хатым дұғасына қатысып, Отан қорғау жолында опат болған сарбаздарымыз бен бейбіт тұрғындардың рухына Құран бағыштады. Мемлекеттік Ту төмен түсіріліп, күллі Қазақстан халқы аза тұтқан осы күнде марқұмдардың соңында қалған туыстары мен жақындарына көркем сабыр сұрап, Алла тағаладан жақсылық тіледі.

Сауапты іс-шарадан соң тілшілерге берген сұхбатында Бас мүфти «Отан үшін жанын берген азаматтарымыздың, бейбіт тұрғындардың рухына арнайы Құран хатым дұғасын бағыштадық. Алла тағала қабыл етсін. Марқұмдарды Алла мейіріміне алғай. Жаратушы иемізден жарақат алған жандардың тез арада сауығып кетуін тілейміз. Қиын сәтте әр азамат бірлігін танытып, өз тарапынан қолдау көрсетуде. Біз, дін қызметкерлері де күн сайын дұға жасаудамыз», деді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 488.16 **USD/KZT** 431.81 **RUB/KZT** 5.7 **CNY/KZT** 67.85

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Бұл – мемлекеттік төңкеріс жасауға ұмтылыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Әуежайлар басып алынды, автомобиль және темір жолдары жабылды, жедел жәрдем және өрт сөндіру қызметінің жұмысына кедергі келтірілді. Әскери бөлімдер мен армия блокбекеттеріне жасалған шабуыл кезінде содырлардан құралған топ қару-жарақ пен әскери техникаларды иемденуге тырысты, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ Қ.Тоқаев Алматы қаласы мен басқа да қалаларда, шын мәнінде, нағыз соғыс жүргенін атап көрсетті.

– Мәселен, Алматы қаласындағы Полиция департаменті ғимаратының төңірегіндегі соғыс екі түнге созылды. Полиция қызметкерлері ланкестердің шабуылдарына тойтарыс берді. Тек Алматы қаласының өзінде 7 қару-жарақ дүкені басып алынды. Бұл жақсы дайындықтан өткен кәсіби содырлардың, соның ішінде арнаулы винтовкалармен атуға машықтанған снайперлердің шабуылы болды. Террористер жеке байланыс құралдарын пайдаланған, әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің киімін киіп алған. Содырлар шімірікпестен жаппай тәртіпсіздікке қатысушыларды қалқалап, оларды «тірі қалқан» ретінде пайдаланды.

Кем дегенде 5 есе сан басымдығын пайдаланған ланкестер полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілерді аяусыз ұрып-соғып, екі әскери қызметшінің басын кесіп алған. Ауруханаларға айуандықпен шабуыл жасалды. Мемлекеттің ресурстарын бөлшектеу үшін шабуыл ұйымдастырушылар ауқымды майдан алаңын жасады. Агрессия бір уақытта 11 аймақты қамтыды. Бірақ ең ауыр соққы Алматыға бағытталды, – деді Президент.

Содырлар елордадағы Президент резиденциясын басып алмақ болғаны да айтылды.

– Өздеріңізге мәлім, Алматы – біздің ірі қаламыз әрі еліміздің қаржы орталығы. Мұнда маңызды көлік және коммуникация тораптары шоғырланған. Бұл қаланың құлауы адам көп шоғырланған оңтүстік аймақты, содан кейін бүкіл елді басып алуға жол ашар еді. Террористер құқық қорғау органдарының назарын өздеріне аударуға тырысты. Содан кейін Қазақстанның елордасына соққы жасауды көздеді. Біз Президент резиденциясының айналасына шоғырланған содырларды көрдік. Шын мәнінде, бұл әртүрлі әдісті пайдалана отырып, мемлекетімізге қарсы жасалған нағыз террорлық соғыс еді. Осының бәрі түбегейлі шешім қабылдауды қажет етті. Қазақстанның күштік құрылымдары дер кезінде жұдырықтай жұмылып, шабуылдаушыларға тойтарыс берді және жағдайды толық өз бақылауына алды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қ.Тоқаев өз сөзінде қайғылы оқиға кезінде қаза болғандар қатарында күштік құрылымдар қызметкерлерімен қатар, бейбіт тұрғындардың бары қабырғамызды қайыстырады деп атап өтті.

– Өкінішке қарай, күштік құрылым қызметкерлері мен бейбіт тұрғындар арасында қаза болғандар бар. Күштік құрылымдардың 16 қызметкері қаза тауып, 1300-ден астамы жараланды. Бейбіт тұрғындардың арасында да қаза тапқандардың болғаны қабырғамызды қайыстырады. Олардың нақты саны анықталып жатыр. Бүкіл еліміз бойынша 1270 бизнес субъекті зардап шекті. 100-ден астам сауда орталығы мен банктер тоналды. 500-ге жуық полиция автокөлігіне зақым келді және өртелді. Орасан зор шығын келтірілді. Оның көлемін Үкіметтің арнаулы комиссиясы анықтайды. Қазақстанға қарсы агрессияға террористердің, оның ішінде шетелдік содырлардың тікелей қатысқанын нақты айта аламын. Бұзақылардың түн мезгілінде мәйітханаларға шабуыл жасап, қаза болған сыбайластарының денелерін алып кеткені де кездейсоқ емес. Сондай-ақ олар содырлардың денелерін ұрыс алаңынан әкетіп отырды. Бұның халықаралық террористердің тәжірибесі екені баршаға мәлім. Олар дәл осындай тәсілдер арқылы іздерін жасырады. Ел аумағында хаос жағдай қалыптастырып, билікті басып алу пиғылы болғаны анық.

Құқық қорғау және арнаулы қызметтердің жан-жақты талдауына негізделген Қазақстанның Қауіпсіздік Кеңесінің шешіміне сәйкес қалыптасқан жағдай терроризм қаупі және агрессия актісі ретінде бағаланатынын жеткізді. Қазақстандағы ахуал ушыға түсті. Алматы қаласы мен 9 облыс орталығы бұзақылардың қолына өтті. Біз ланкестікке қарсы операция режимін жарияладық. Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымынан көмек беруді сұрады. Бұл дер кезінде қабылданған шешім еді. Елордаға үш бірдей әскери ұшақтың келгенін білген содырлар Президенттің резиденциясына басып кіру жоспарынан айныды. Бұл Алматыға қосымша күш жұмылдырып, қаланы террористерден тартып алуға мүмкіндік берді, – деді Қ.Тоқаев.

Суреттегі түсіндірмелер А.ДҮЙСЕНБАЕВ, Ғ.ӨМІРБЕКОВ

> **Қ.ТОҚАЕВ:**
> «ЖУЫРДА ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ АУҚЫМДЫ ІС-ҚИМЫЛДАР СӘТТІ АЯҚТАЛАДЫ, СОНДАЙ-АҚ ҰҚШҰ КҮШТЕРІНІҢ ДЕ ТИІМДІ МИССИЯСЫ ТАМАМДАЛАДЫ».

ҰҚШҰ бітімгершілік күштері мерзімін Қазақстан Президенті айқындайды

Қазақстан Президенті елімізге ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің қанша әскері келгені жайында баяндады.

– Қазіргі таңда Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасына жіберілген 2030 адам және 250 техника ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштеріне жүктелген міндетті орындауға кірісті. Олар әуежайлар, әскери қоймалар мен басқа да стратегиялық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін атқарады. Мен атап өткендей, бұл – ҰҚШҰ-ның алғашқы бітімгерлік миссиясы. Ұйым пайдалы әрі оң тәжірибе жинақтайтынына сенімдімін. «Осал тұстар» талданып, тиісті қорытынды шығарылады, реттеу құжаттарына түзетулер енгізіледі. Жалпы, ҰҚШҰ-ның беделді әскери-саяси ұйым ретінде өзінің қажеттігі мен тиімді екенін дәлелдей алғанын атап өткім келеді. Бұл – мемлекеттеріміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты механизмі. Шын мәнінде, өткен оқиғалар мықты халықаралық институт ретінде жаңа сатыға көтерілген Ұйымның дамуында бетбұрыс кезең болды, – деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев аталған қауіп-қатерлер ұжымдық қауіпсіздік кеңістігі үшін ортақ екенін және сол себепті ұйымның әлеуетін нығайтудың маңызы артқанын атап өтті.

– Қазақстан бетпе-бет келген қауіп-қатерлер – ұжымдық қауіпсіздіктің барлық кеңістігі үшін ортақ. Сондықтан бізге ҰҚШҰ-ның күшті әлеуетін одан әрі нығайту қажет. Бұл – маңызды. Қазақстан осы іске өз үлесін қосады. Дағдарыс жағдайларында әрекет ету мерзімін оңтайландыру енгізілетін ұсыныстардың бірі болуы мүмкін. Біз Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі және басқа да органдар бекітетін шешімдерді әзірлеу және қабылдау мәселелерінде жедел болуымыз керек, – деді Президент.

Отырыс барысында сөз алған ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась халықаралық ұйым басшыларына Қазақстанға бітімгерлік контингентті кіргізу туралы шешімді қалай жеткізгенін айтты.

– Қазақстан Республикасының аумағында бітімгерлік операция өткізу туралы қабылданған шешім жөнінде БҰҰ-ның Бас хатшысы арқылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері хабардар етілді. Сондай-ақ мен ЕҚЫҰ және ШЫҰ бас хатшыларын құлағдар еттім. БАҚ өкілдері бір мезгілде мәселені шешу үшін қабылдаған жолдар және орындалу механизмін түсіндіру жұмыстарын жүргізді, – деді ұйымның бас хатшысы.

– Біз кеше әскери контингенті орналастыру бойынша жұмыстарды аяқтадық. 4 тәулік ішінде Ресей Федерациясының әуе-ғарыштық күштерінің әуе кемелерімен 108 рейс жасалды. Бітімгерлік күштер контингенті Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Алматы облысында орналасқан. Командалық пункт Алматы қаласындағы құрлықтық әскерлер институтының базасында орналастырылды. Әскери контингенттің материалды-техникалық жабдықталуын жіберуші тарап, сондай-ақ екіжақты және көпжақты келісім қамтамасыз етеді. Қазақстандық тараппен келісілген операция жоспарына сай ұжымдық бітімгерлік күш жағдайды тұрақтандыру үшін маңызды әскери және мемлекеттік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттеріне кірісті, – деп атап өтті ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась.

Ал Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин өз сөзінде ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің контингенті Қазақстанға шектеулі уақытқа жіберілетінін мәлім етті.

– Бауырлас Қазақстан халқына көмек көрсету бойынша бірлескен қадамдар барынша жедел келісілді. Осы орайда ҰҚШҰ тетігі нақты іске қосылды.

> **В.ПУТИН:**
> «БАУЫРЛАС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КӨМЕК КӨРСЕТУ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН ҚАДАМДАР БАРЫНША ЖЕДЕЛ КЕЛІСІЛДІ. ОСЫ ОРАЙДА ҰҚШҰ ТЕТІГІ НАҚТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. ҚАЗАҚСТАНҒА ҰҚШҰ ҰЖЫМДЫҚ БІТІМГЕРЛІК КҮШТЕРІНІҢ КОНТИНГЕНТІ БАҒЫТТАЛДЫ. ОЛАР МЕРЗІМІ БОЙЫНША ШЕКТЕЛГЕН УАҚЫТҚА ЖІБЕРІЛДІ, ЯҒНИ ҚАЖЕТТІ МЕРЗІМДІ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ АЙҚЫНДАЙДЫ».

Қазақстанға ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің контингенті бағытталды. Олар мерзімі бойынша шектелген уақытқа жіберілді, яғни қажетті мерзімді Қазақстан Президенті айқындайды, – деді В. Путин.

Ресей Президентінің айтуынша, өзінің функциясын орындағаннан кейін, ҰҚШҰ-ның контингенті Қазақстан аумағынан міндетті түрде шығарылады. Ол сондай-ақ газ бағасына наразы халық – бір топ, ал қолына қару алып, мемлекетті шабуылдағандар басқа топ екенін атап өтті.

– Қазақстанның мемлекеттілігіне төнген қауіп газ бағасына қатысты наразылық акциялардың емес, ішкі және сыртқы деструктивті күштердің бұл жағдайды өз пайдасына асырып кетуінен туындағанын түсінеміз. Газ нарығындағы жағдайға қарсы болғандар – бір топ, олардың мақсаты бір. Ал қолына қару алып, мемлекетке шабуыл жасағандар – мүлдем басқа топ және олардың көздегені де бөлек мақсат, – деді Ресей Президенті.

Қазақстан халықаралық міндеттемелерін қатаң сақтайды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ күштерін енгізудің легитимдігі жөнінде сұрақтар ақпараттың жетіспеуінен және жағдайды толық түсінбегендіктен туындап жатқанын айтты.

– ҰҚШҰ бітімгерлік күштерін пайдалану жөніндегі шешімге саяси тұрғыдан барынша қолдау көрсету, әсіресе БҰҰ және басқа да беделді халықаралық ұйымдар, әлемнің озық бұқаралық ақпарат құралдары және талдау орталықтары, сондай-ақ үшінші мемлекеттер тарапынан аса маңызды. ҰҚШҰ күштерін енгізудің легитимділігі жөнінде сұрақтар туындап жатқанын көріп отырмыз. Бұл шынайы ақпараттың жетіспеуінен және жағдайды толық түсінбегендіктен болып жатыр. Кейбір жағдайларда халықаралық қоғамдастықта, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда, ҰҚШҰ күштерінің пайдаланылуына, жалпы Қазақстандағы жағдайға қатысты мүлде қате түсінік қалыптасты. Ұсынып отырған айғақтарға қарамастан, кейбір дереккөздер Қазақстан билігін бейбіт демонстранттармен күресті деп айтып жатыр. Бұл – мүлде қате ақпарат,– деді Президент өз сөзінде.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбіт шеруге шыққандарға қарсы ешқашан қару қолданылмағанын және қолданылмайтынын баса айтты.

– Біз бейбіт шеруге шыққандарға қарсы ешқашан қару қолданған жоқпыз және қолданбаймыз да. Осыны білетін Қазақстанға шабуыл ұйымдастырушылар бірнеше рет агрессиялық әрекет жасады. Бастапқы кезде, мен айтып өткендей, бейбіт наразылық болды. Кейін Алматы қаласында саяси митинг өткізілді. Содан соң шибөрідей қаптаған қарулы содырлар қалаға үш бағыттан бас салды. Басында олар өздерін бейбіт демонстранттар ретінде көрсетіп, құқықтық тәртіпті сақтаушы күштерді, тіпті қала тұрғындарын шатастырды. Ал содан кейін «Алматы трагедиясы» деген атау алып, тарихқа енетін оқиға болды, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы әлемдік қоғамдастық сотына елімізге қарсы жүргізілген террорлық агрессияның дайындығы мен оны жүргізуге қатысты қосымша дәлелдер ұсынатынын мәлімдеді.

– БҰҰ Жарғысына сәйкес әр мемлекет қарулы шабуыл кезінде жеке немесе ұжымдық тұрғыда өзін-өзі қорғауға құқылы. Жуық арада, алдын ала тергеулер аяқталғаннан кейін, біз әлемдік қоғамдастық сотына елімізге қарсы жүргізілген террористік агрессияның дайындығы мен оны жүргізуге қатысты қосымша дәлелдер ұсынамыз. Көріп отырғанымыздай, жекелеген бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық институттар ойдан шығарылған дүниелерге және тексерілмеген фактілерге негізделген жалған ақпараттарды бей берекет таратып жатыр. БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, АӨСШК, сондай-ақ халықаралық гуманитарлық ұйымдар қаскөйлердің, террористердің, қылмыскерлердің заңсыз әрекеттерінің толық әрі әділ тергелуіне мүдделі екеніне сенімдімін. Асығыс тұжырым жасаудың қажеті жоқ.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелерін қатаң сақтайтынына және Қазақстан халқының билікпен бейбіт, еркін әрі ашық диалог орнату жөніндегі құқығын берік қорғайтынына сендірді.

– Қазақстан өзінің жаңа тарихындағы ең қиын кезеңді еңсереді деп о баста сенім артқандардың бәріне алғыс айтамын. Бұл, әсіресе, ҰҚШҰ-ға қатысты. ҰҚШҰ-ның Қазақстандағы бітімгерлік әлеуетін ықпалдаса отырып, барынша қауіпсіз, тиімді әрі қысқа мерзімге пайдаланатынымызға сенімдімін. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күшінің миссиясы жоғары деңгейде тиімді, пайдалы болады деп турасын айту керек. Біз өз тарапымыздан мұны арандатушылар немесе қаскөйлер пайдаланып кететіндей ақпараттық вакуумға жол бермеуіміз керек деп ойлаймын. Өкінішке қарай, біздің жағдайда бұл жалғасып жатыр. Қалыптасқан жағдай ҰҚШҰ Бас хатшысының бітімгерлік қызмет жөніндегі арнаулы өкілі институтын құру жөніндегі жуырдағы шешіміміздің өзекті екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар біз Қазақстан халқының билікпен бейбіт әрі еркін және ашық диалог орнату жөніндегі құқығын берік қорғайтынымызды нақты айтқым келеді. Сонымен қатар зорлық-зомбылыққа негізделген экстремизмнің кез келген түрінің, әсіресе Қазақстанға қарсы жақында ғана болған әскери іс-қимылдардың қатаң түрде жолын кесеміз. Біз мемлекеттік егемендігіміз бен территориямыздың бүтіндігіне нұқсан келтіруге жол бермейміз. Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелерін қатаң сақтайтынына сендіргім келеді, – деді Қ.Тоқаев.

Бітімгершілік күштер миссиясы жуырда аяқталады

Қазіргі уақытта Қазақстанда конституциялық тәртіп қалпына келтірілгенін айтқан ел Президенті қазір құқық қорғау органдары атқарып жатқан жұмыс жайын баяндады.

– Елге төнген қауіп-қатерге тойтарыс берілді. Ланкестікке қарсы іс-қимылдар аясында қылмысқа қатысы бар азаматтарды анықтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінде полиция органдарына 8 мыңға жуық адам жеткізілді. Құқық қорғау органдары мен арнаулы органдар олардың террорлық актілерге, кісі өлтіруге, мародерлікке және басқа да қылмыстарға қатысы бар-жоғын тексеруде. 116 түрлі қару тәркіленді. Сырт киімдерін ауыстыру, сақалын алу сияқты жаңа әдіске көшкен және басқа да қулықтар жасау арқылы жасырынып жүрген содырларды анықтау операциялары жалғасып жатыр. Алда ауқымды да қауырт жұмыстар бар. Тіпті бұған құқық қорғау органдары мен армия ардагерлері де тартылуда. Бүкіл мемлекеттік органдар еліміздің толықтай қалыпты өмірге оралуы үшін қарқынды жұмыс істеп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев жуырда ланкестікке қарсы ауқымды іс-қимылдар сәтті аяқталып, ҰҚШҰ күштерінің тиімді миссиясы тамамдалатынын айтып, мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек деп қорытындылады.

– Ертең мен Парламентке Үкіметтің жаңа құрамына қатысты ұсыныс енгізіп, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты міндеттер жүктеймін. Жуырда ланкестікке қарсы ауқымды іс-қимылдар сәтті аяқталады, сондай-ақ ҰҚШҰ күштерінің де тиімді миссиясы тамамдалады. Бастысы – бүкіл ұжымдық қауіпсіздік кеңістігінде мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу. Алдағы уақыттағы біздің негізгі міндетіміз де осы болады деп ойлаймын. Қазақстан бұл жұмыстарды атқаруға дайын және одақтастарын әрдайым қолдайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саммит барысында ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасындағы жағдай жөнінде пікір алмасып, еліміздің басшылығы жасап жатқан іс-әрекеттерді қолдайтынын айтты. Сондай-ақ тұрақтылық пен конституциялық тәртіпті қалпына келтірудің маңызды екеніне назар аударды. Мемлекеттер басшылары ҰҚШҰ Ұжымдық бітімгерлік күштерінің Қазақстандағы миссиясы аяқталғанша тұрақты байланыста болуға уағдаласты.

Еуропалық кеңестің президентімен келіссөз жүргізді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент болған қайғылы оқиғаларды аса ауыр агрессиялық акт және мемлекеттілігімізге жасалған қастандық деп атады. Сондай-ақ лаңкестердің зорлық әрекеттері салдарынан көптеген құқық қорғау қызметкері мен бейбіт тұрғындардың құрбан болғанын, 1300-ге жуық кәсіпкерлік нысанға залал келгенін, 100-ден астам сауда орталығы мен банктің тоналғанын, 500-ге жуық полиция машинасы өртенгенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағалауынша, мемлекеттің алдын ала экономикалық шығыны 2-3 миллиард АҚШ долларын құрайды.

– Мұның террорлық шабуыл екеніне ешқандай күмәнім жоқ. Бұл – Қазақстанға қарсы жақсы ұйымдасқан, әбден дайындалған агрессиялық акт. Шабуыл жасағандардың ішінде басым көпшілігі Орталық Азия елдерінен, оның ішінде Ауғанстаннан келген шетелдік содырлар бар. Сонымен қатар арасында Таяу Шығыстан келген содырлар да бар. Олардың пиғылы біздің аумақты бақылауда ұстайтын хаос аймағына айналдыру, содан кейін билікті басып алу болды. Сондықтан Қазақстанда лаңкестікке қарсы операция басталды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағына ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштері құрамының орналастырылуы жөнінде нақты түсіндірме жасады.

– Бітімгерлік күштері әскери операцияларға қатыспайтынын ашып айтқым келеді. Олардың негізгі міндеті – Алматы қаласы мен Қазақстан астанасындағы стратегиялық нысандарды қорғау. Бұл қазақстандық күштік құрылымдардың лаңкестерге қарсы іс-қимылдарын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. ҰҚШҰ-ның бітімгерлік күштері ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың 2, 4-баптарына сәйкес орналастырылды. Олар Қазақстандағы жағдай толық тұрақтанғанша болады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелерін сақтауға бейіл екенін атап өтіп, Еуропалық одақтың институттарымен және оған мүше мемлекеттермен арадағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайындығын нақтылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәліметін мұқият тыңдаған Шарль Мишель еліміздегі соңғы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі білуге мүмкіндік берген осы виртуалды кездесудің зор пайдасы болғанын айтты. Ол Қазақстандағы оқиғаларға қатысты әртүрлі түсіндірмеден гөрі осылай шынайы ақпарат алудың маңызды екеніне тоқталды.

– Біз Сіздің еліңіздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қолдаймыз. Қазақстанмен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайынбыз, – деді Еуропалық кеңес президенті.

Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар сыртқы құрылымдар деңгейінде тұрақты байланыс жасап тұруға уағдаласты.

Қаза тапқандарға көңіл айтты

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев еліміздегі аза тұту күніне орай Facebook-тегі парақшасында жария етті. Онда былай делінген:

«Құрметті достар!

Соңғы күндері еліміздің бірқатар өңірінде болған қайғылы оқиғалар салдарынан біраз азаматымыздан айырылып қалдық. Соған байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады.

Парламент Сенатының және жеке өзімнің атымнан қаза тапқандардың туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Зардап шеккен азаматтардың тез арада сауығып кетуіне тілектеспіз.

Мемлекет басшысының батыл әрі уақтылы шешімдері Қазақстанның бейбіт және қалыпты өмірге тез оралуына мүмкіндік береді.

Осындай күрделі кезеңде біз Президентіміздің айналасына топтасуымыз қажет. Бұл – жағдайды тұрақтандыру, экономиканы қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыру және барлық салада жаңа реформаларды іске асыру үшін маңызды қадам».

Президент тапсырмалары іске асырылуда

Премьер-Министрдің міндетін атқарушы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың осы жылдың басынан берген тапсырмаларын іске асыру барысы қаралды, деп хабарлады Үкімет басшысының баспасөз қызметі.

Кеңеске орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, «Атамекен» ҰКП, ұлттық компаниялар мен холдингтердің басшылары қатысты. Кеңесті бастамас бұрын елде орын алған тәртіпсіздіктің құрбандарын еске алу үшін бір минуттық үнсіздік жарияланды.

Ә.Смайылов биылғы жыл өте күрделі және қайғылы оқиғалармен басталғанын айтты. Қазақстан бұрын болмаған деструктивті күштердің агрессиясына тап болды. Ең үлкен мегаполис Алматы мен көптеген облыс орталығы террористер мен бандиттердің соққысына ұшырады. Ә.Смайылов қаза тапқандардың отбасыларына көңіл айтып, «Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың уақтылы және батыл іс-қимылдарының арқасында біз тәртіпсіздіктің, заңсыздықтың таралуын тоқтатып, құқық тәртібін қалпына келтіре алдық. Өкінішке қарай, адамдар зардап шегіп, жараланды, түрлі жарақат алды. Біз оларға тезірек сауығып кетулеріне тілектеспіз. Ең өкініштісі, азаматтарымыздың арасында қаза болу жағдайлары орын алды. Тәртіп пен заңдылықты қалпына келтіру нәтижесінде полиция мен әскери қызметшілер мерт болды. Біз олардың Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын сақтау жолындағы ерліктерін мақтан тұтамыз», деді.

Қазіргі жағдай және қабылданып жатқан шаралар туралы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Тимур Жақсылықов, Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Ерлан Тұрғымбаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы Бейбіт Атамқұлов, Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Бақыт Сұлтанов, Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы Юрий Ильин, Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Жандос Бүркітбаев, Энергетика министрінің бірінші орынбасары Мұрат Жүребеков, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин баяндама жасады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында құрамына арнайы прокурорларды, ҰҚК, ІІМ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржылық мониторинг агенттіктерінің қызметкерлерін қоса отырып, ведомствоаралық жедел тергеу тобы құрылды. Бас прокуратура терроризм актілерін жасау, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастыру және оларға қатысу фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдарын бастады. Күштік құрылымдардың жеке құрамы қызмет атқарудың және жоғары жауынгерлік дайындықтың ерекше режиміне ауыстырылды. Үкіметтің төтенше резервінен ішкі істер органдары мен Ұлттық ұланның арнайы бөлімшелерін жарақтандыруға қажетті қаражат бөлінді. Жаппай тәртіпсіздік кезінде күштік құрылымдардың қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына материалдық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдануда. Азаматтарға зардап шеккендер мен хабар-ошарсыз кеткендер туралы ақпарат беру үшін 1414 Бірыңғай байланыс орталығы базасында тікелей желі ұйымдастырылды. Тәртіпсіздіктер салдарынан келтірілген залалды бағалау жөніндегі өңірлік комиссиялар құрылды. «Атамекен» ҰКП кәсіпкерлерден тиісті ақпаратты жинауды жүзеге асыруда. Алматы қаласын қоспағанда, өңірлердегі барлық коммуналдық қызметтер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері штаттық режимде жұмыс істеуде. Шұғыл көмек көрсететін медициналық ұйымдар жұмыс істеп тұрған Алматы қаласын қоспағанда, республика бойынша барлық денсаулық сақтау нысандары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Екінші деңгейлі ірі банктердің ұялы байланыстың болуымен жұмыс істейтін онлайн-сервистеріне қолжетімділік қалпына келтірілді. POS-терминалдар мен банкоматтар желісінің жұмысы қамтамасыз етілді. Қазақстан қор биржасының, Ұлттық банктің Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығының сауда жүйелерінің және елдің қаржы жүйесінің басқа да инфрақұрылымының штаттық режимде жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Еліміздегі дипломатиялық миссиялардың нысандарын күзету күшейтілді. Шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен тұрақты байланыс қамтамасыз етілген.

Премьер-Министрдің м.а. Ә.Смайылов Мемлекет басшысы қойған міндеттерді сапалы әрі жедел іске асыруды қамтамасыз етуді тапсырды. Ә.Смайылов сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорын құру мәселелерін пысықтау, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қайталама тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау тәртібі мен тетігін әзірлеу жөнінде тапсырма берді.

«Азаматтардың барлық сындарлы өтінішін мұқият зерделеп, олар бойынша қажетті шешімдер әзірлеу керек. Барлық орталық және жергілікті атқарушы орган, «Атамекен» ҰКП екі апта мерзімде халық көтерген мәселелерді шешу бойынша ұсыныстарды Ұлттық экономика министрлігіне жіберуге тиіс», деді Ә.Смайылов.

Өз уақытында қабылданған бірегей батыл қадам

Мәжілістің Бюро отырысында Палата Төрағасы Нұрлан Нығматулин еліміз үшін күрделі кезеңде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың барлық шешімі мен батыл қадамы бірегей және уақтылы екенін атап өтті, деп хабарлады Мәжілістің баспасөз қызметі.

Бюро отырысы Президенттің 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялануына орай, бір минуттық үнсіздікпен басталды.

Нұрлан Нығматулин депутаттық корпус атынан еліміздің бірқатар өңірінде болған қайғылы оқиғалардың салдарынан қаза тапқандардың жақындары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтты.

Мәжіліс Төрағасы депутаттар бірінші күннен бастап оқиға орындарында, алаңдарда халықпен бірге жүргенін, Үкіметтік комиссиямен бірге жұмыс істегеніне тоқталды. Сонымен қатар барлық депутат аймақтарымен тұрақты байланыста болғанын атап өтті.

– Бүгін еліміз үшін, халқымыз үшін қиын сәтте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың осы күндері қабылдаған әрбір шешімі, әрбір қадамы ел тағдырын қорғауға және сақтауға бағытталған. Сондықтан бірінші күннен бастап Парламент Мәжілісі Президенттің барлық бастамасына жан-жақты қолдау көрсете отырып, заң деңгейінде нақты жұмыс істеуде, – деді Палата Спикері.

Отырыс барысында депутаттар бірқатар жаңа заң жобасын жұмысқа алды. Атап айтқанда, жеке қосалқы шаруашылық туралы, кинематография және мәдениет мәселелері бойынша, тұрғын үй саясатын реформалауға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бар.

Сондай-ақ Палата комитеттері жұмысқа алатын құжаттардың қатарында Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске экологиялық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы заң жобалары бар.

Сонымен қатар Палата депутаттары бірқатар ратификациялық заң жобаларын жұмысқа алды. Олар: толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы, Қазақстан мен Түркі Академиясына байланысты келісім және БҰҰ медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциялары.

Маңғыстауда ҰҚШҰ әскері орналаспаған

Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин Маңғыстау облысында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) әскері орналасқан деген ақпаратты жоққа шығарды.

«Биылғы 4-8 қаңтар аралығында Маңғыстау облысында болдым. Онда ахуалды тұрақтандыру жөніндегі өңірлік штабтың жұмысын үйлестіруге атсалыстым. Аймақтағы ахуал қазір тұрақты. Мемлекеттік мекемелер мен коммуналдық қызметтердің барлығы қалыпты режимде жұмыс істеп жатыр. Құқық қорғау органдары жағдайды толық бақылауда ұстап тұр. Қоғам белсенділерінің арқасында билік пен наразылық білдірген азаматтардың арасында конструктивті диалог орнықты. Осы өңірде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) әскері орналасқан деген қауесет шындыққа жанаспайды. Облыстағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге өз еліміздің Қарулы күштерінің және Ұлттық ұланның бөлімшелері ғана жұмылдырылған», деп жазды Мемлекеттік хатшы Facebook парақшасында.

Террористерге қарсы күрес жалғасуда

Елімізде төтенше жағдай енгізілгеннен бері қалыптасқан ахуалға байланысты шетелдік БАҚ-тағы бірқатар жарияланым атүсті және біржақты сипатта болды. Осы орайда Қазақстан Сыртқы істер министрлігі мына төмендегі мәселелерді атап өтуді жөн санайды.

Маңғыстау облысы мен елдің барлық ірі қаласында бейбіт митингтер өтті. Олардың талаптары толық қанағаттандырылды. Алайда терроршыл, экстремистік және қылмыстық топтар шиеленіс пен зорлық-зомбылықты ушықтыру үшін бұл жағдайды өз мүддесіне пайдаланды. Осыған байланысты елде төтенше жағдай жарияланды.

Алматы қаласындағы және елдің басқа да өңірлеріндегі оқиғалар көрсеткендей, Қазақстан шетелде дайындықтан өткен және жақсы үйлестірілген терроршыл топтардың шабуылына тап болды. Алдын ала мәліметке қарағанда, шабуылшылардың арасында жанжал аймақтарында діни радикалды топтардың қатарында қақтығыстарға қатысу тәжірибесіне ие адамдар бар.

Қазіргі уақытта Қазақстанның құқық қорғау органдары мен Қарулы күштері, кейбір шетелдік БАҚ бұрмалап көрсеткендей, «бейбіт сипаттағы наразы топтарға» емес, террористерге қарсы тұруда.

Қалыптасқан жағдайда, Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) көмекке жүгінуге мәжбүр болды, ол жағдайды тұрақтандыру мақсатында жалпы саны 2 500 адам құрайтын бітімгершілік күшін жіберді. Бітімгершілердің мандатына стратегиялық нысандарды күзету және қазақстандық құқық қорғау күштеріне жәрдемдесу кіреді.

Терроршыл топтарға қарсы негізгі іс-қимылды Қазақстанның құқық қорғау органдары мен Қарулы күштері жүргізетініне назар аударамыз.

ҰҚШҰ-ның бітімгершілік күштері Қазақстанда уақытша негізде болатынын және жағдай тұрақталған соң Қазақстан тарапының бірінші сұрауы түскен кезде өз елдеріне оралатынын атап өткен жөн.

Наразылық митингтерінің бейбіт қатысушылары ешқандай құдалауға ұшырамайтыны аса маңызды.

Құқық қорғау органдарына қалыптасқан жағдайдың себептеріне кешенді тергеу жүргізу тапсырылды, оның нәтижелері халықаралық қоғамдастыққа жеткізілетін болады.

Қазақстан халқының ынтымағын және Президент Қ.Тоқаевтың бейбіт өмірді қалпына келтіру жөніндегі шешімдері мен шараларына қолдауын атап өткен жөн.

Қазақстан демократия мен ел Конституциясын діни радикалдар мен терроршылдардан табандылықпен қорғауға дайын!

Өкінішке қарай, қақтығыстардың салдарынан еліміздің азаматтары, соның ішінде құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскерилер қаза тапты.

Осыған байланысты, 2022 жылғы 10 қаңтар елімізде Жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

Екі экстремистік топ құрықталды

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жаппай тәртіпсіздік пен террористік актіге қатысқандарды ұстау және жасалған қылмыстардың себептерін анықтау бойынша кешенді іс-шара жүзеге асырып жатыр.

Соның нәтижесінде 2022 жылдың 4-і мен 8 қаңтары аралығында Алматы қаласындағы жаппай тәртіпсіздікке қатысқан 2 экстремистік топ құрықталды.

9 қаңтарда, экстремистік әрекетке алдап-арбау, экстремистік ұйымға басшылық ету және оған қатысу, сондай-ақ жаппай құқыққа қайшы акцияларды жүргізу күдігімен бір ұяшықтың 4 мүшесі ұсталды.

Тұрғылықты мекендерін тексеру барысында атылатын қару, дыбыс-жарық гранаталар, оқ-дәрілер және діни әдебиеттер заттай айғақ ретінде тәркіленді.

Ұйым жетекшісі – халықаралық террористік ұйыммен байланысы бар, жаппай тәртіпсіздікке белсенді түрде атсалысқан шетел азаматы.

Тергеу тұжырымы бойынша ол Қазақстанға жаппай құқыққа қайшы акцияларды дайындап, сондай-ақ билік органдары мен қарулы құрылымдарға шабуыл жасау үшін келгендігі анықталды.

Оған осы мақсатта көмек берушілерді іздестіру ұйымдастырылды.

Тергеу мүддесіне сәйкес кейбір ақпараттарды жариялау әзірге мүмкін емес.

Жедел іздестіру және тергеу шаралары жалғасын табуда.

Сонымен қатар кейбір БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінен қару-жарақтар, оқ-дәрілер, басқа да мүліктер ұрланғаны жайында таралған ақпараттар жалған, шындыққа жанаспайды.

Террористік қауіптің «қызыл» деңгейінің талаптарына сәйкес департамент күшейтілген тәртіпте қызмет атқаруда.

ҰҚК баспасөз қызметі

Бес боздақпен қоштасты

Ойға кіріп шықпаған ойран қаншама жанды қара жамылтты. Бірі отбасының тірегінен айырылса, енді біреулер әулет көшін жалғайтын жалғыз перзентін жер қойнына тапсырды. Алматыдағы Шекара академиясында қалаға төнген қауіп кезінде қапыда қаза тапқан бес азаматпен қоштасу рәсімі өтті.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұған дейін қанқұйлы қақтығыс кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының бес бірдей өкілі қаза тапқанын хабарлаған едік. Шекара академиясының Материалдық-техникалық түрлері кафедрасының бастығы, полковник Андрей Кабдинов Алматы әкімдігінің ғимаратын содырлардан қорғау барысында ажал құшса, академияның мемлекеттік сатып алулар бөлімінің аға офицері Жандос Жағалбаев оқу ошағының үш бірдей курсанты Дәулет Жұпарбеков, Мейірхан Бітім, Жайық Әділханмен бірге академияға шабуыл жасаған ланкестермен қақтығыс барысында қаза болды. Содырлар сойқан салған сәтте олар стратегиялық нысанның II бақылау өткізу бекетінде қызметтік міндетін өтеп тұрған.

Әріптестері ауыр желдің өтінде арманынан алыстап қалған азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Қаралы жиынға марқұмдардың туыс-жақындары да жиналды. Қайғыдан қабырғасы қайысқан әкелер мен баласын жоқтап аңыраған аналардың көңіл күйін сөзбен айтып жеткізу тым қиын. Мемлекет басшысының Жарлығымен Андрей Кабдиновқа, Жандос Жағалбаевқа II дәрежелі, Дәулет Жұпарбеков, Мейірхан Бітім, Жайық Әділханға III дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

Ел басына төнген сын сағатта Мемлекет тыныштығын өз өмірімен қорғаған жандардың жақындарына Академия бастығы, полковник Павел Поливанов барша қазақ елінің атынан қайғыра көңіл айтты.

«Кәсіби білігі жоғары мамандарымыздан, болашағынан мол үміт күттіретін жас курсанттарымыздан айырылып отырмыз. Бұл – бәріміз үшін орны толмас қасірет. Олардың есімдері мемлекетіміздің тарихына алтын әріппен жазылады», деді П.Поливанов.

Қаралы жиыннан соң марқұмдардың сүйегі туған өңірлеріне жөнелтілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қызметтік міндетін атқару кезінде қаза болған марқұмдардың аяулы бейнесі мәңгі есте қалатынын, олардың отбасы мен жақындарын жан-жақты қолдау шаралары көрсетілетінін жеткізген еді. Біз де өз кезегінде қыршын кеткен азаматтардың жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

Уақыт өтер, бәрі ұмытылар, бірақ дүние есігін аша салып әкеден айырылған жетімдердің көз жасын кім құрғатады?! Осы сұрақ еркінсу мен еліру, арандатушылыққа еру мен жауапсыздыққа жол берудің түбі жақсылыққа жеткізбейтінін тағы бір дәлелдегендей...

Жас жауынгерді ақтық сапарға шығарып салды

Алматы қаласындағы террористік шабуылға тойтарыс кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясының 2-курс курсанты Дәулет Жұпарбеков ерлікпен қаза тапты. Отан алдындағы борышына адал болып, ел тұтастығын сақтау жолында ерлікпен қаза тапқан жас ұланның денесі өзінің туған жері – Түркістан облысы, Сарыағаш ауданына жеткізіліп, Түркістан жұртшылығы оны ақтық сапарға шығарып салды.

Ғалымжан ЕЛІШІБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Дәулет Бауыржанұлына III дәрежелі «Айбын» ордені берілген болатын. Қаралы жиында Халық қаһарманы Бақытжан Ертаев бұл қайғы бір ғана отбасы емес, халықтың қайғысы екенін жеткізді. Ал Сарыағаш ауданының әкімі Мұхит Отаршиев пен ел ағалары, әскери сала басшылары мен өкілдері, жергілікті тұрғындар марқұмның отбасына көңіл айтты.

«Дәулет – өз елінің нағыз патриоты, антына адал, жолдастары арасында сыйлы, еліне әлі берері көп, болашағынан үлкен үміт күттіретін азамат еді. Орны толмас ауыр қайғыларыңызға ортақтасып, шын жүректен көңіл айтамын. Батыр ұлдың жарқын бейнесі аудан халқының, ағайын-туыс, дос-жаран, әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталары сөзсіз», деді аудан әкімі.

Дәулет Жұпарбеков 2002 жылы 1 желтоқсанда Сарыағаш қаласында дүниеге келген. Толыбай батыр атындағы жалпы орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясына оқуға түскен болатын. Отбасындағы екінші перзент. Марқұмның соңында арда азаматтан қапияда көз жазып қалған ата-анасы, әпкесі және екі інісі қалды.

Түркістан облысы

Атасының «алтын баласы» еді...

Маңғыстаулықтар Ақтау қаласындағы «Достық» үйінде Алматы қаласындағы бүлік кезінде содырлар қолынан қапияда қаза тапқан жас батыр Бітім Мейірханды ақтық сапарға шығарып салды. 2002 жылы 11 маусымда Ақтауда өмірге келген Мейірхан қаладағы №11 мамандандырылған физика-математика гимназиясында білім алды. Тәртібі мен үлгерімі жағынан үлгілі Мейірхан мектепте достары көп, белсенді оқушылардың бірі болды.

курсант
Битим Мейірхан Ержанович

Гүлайым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

– Үнемі жымиып жүретін жылы жүзді Мейірханның табанды, қайсар мінезі әскери адамға тән еді. «Апай, мен мектеп бітірген соң қалайда әскери қызметкер болуды қалаймын» дейтін еді. Табанды бозбала сөзінде тұрып аттестатын қолына алған соң оқу грантымен өзі қалаған оқу орнына оқуға түсті, –дейді №11 мамандандырылған физика-математика гимназиясының директоры З.Қоразова.

Мейірханның 7-сыныпта танысқан досы Азамат Сұлтановтың айтуынша, екеуі мектеп қабырғасында жүргенде Алматыдағы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясында оқуды жоспарлайды. Мектепті Азаматтан бір жыл бұрын бітірген Мейірхан сөзінде тұрып, 2020 жылы аталған академияның курсанты атанады, ал Азамат бір жылдан соң барып курсанттар қатарын толықтырады.

Алматыда аяқ астынан дүрбелең басталған сәтте арнайы бұйрықпен қолына қаруын алып Отан қорғауға ұмтылған жас сарбаз ерлікпен қаза тапты. «Тәуелсіз еліме еңбек етемін!» дейтін елін сүйген патриот Мейірхан Ержанұлы офицер болып еліне қызмет етіп шекара шебінде жүруге үлгерген жоқ, бірақ небәрі 19 жасында елді, жерді сүюдің, Отанды қорғаудың қандай болатынын өз ерлігімен дәлелдеп кетті. Ол қаза тапқан соң, марқұм болған өз қаруластарымен бірге 2022 жылы 9 қаңтарда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Ақтау қаласына жеткізілген Мейірханның денесін Маңғыстау облысының әкімі Н.Ноғаев бастаған ел азаматтары, марқұмның әкесі Ержан, туыстары мен достары қарсы алды. Марқұмды туған шаңырағына бір түнетіп, 10 қаңтар күні жаназа намазы оқылды. «Достық» үйінің ауласына Мейірханды шығарып салуға жиналған адам өте көп болды.

– Мейірхан баламыз нағыз ерлерше көз жұмды. Азамат үшін ең басты міндет – Отанды қорғау! Мемлекетімізді қорғау жолында жанын құрбан еткен Мейірхан Ержанұлының ерлігі көпке үлгі, есімі ел есінде. Еліміз аман болсын, ендігі жерде халықтың басына қиындық түспесін, жастардың басына жамандық жолықпасын. Мен Бітім аға бастаған Кезбаевтар әулетіне қайғыра көңіл айта тұрып, батыр ұл тәрбиелеген

отбасыға алғыс айтамын, – деді аймақ басшысы.

Мейірхан туып-өскен әулет Маңғыстау өңіріне белгілі, сыйлы, текті әулет. Тек жағынан 27 жасында ел-жер қорғау үшін қан майданда шейіт болған Адайдағы белгілі Есенияз батырдың тұқымы болып келетін Мейірханның атасы Бітім ақсақал – мұнай өндірісі саласында сервистік қызмет көрсетіп, мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып, ел экономикасының дамуына зор үлес қосып келе жатқан «КезБи» ЖШС құрылтайшысы. Ал Мейірхан – отбасының тұңғышы, әкесі Ержан – жеке кәсіпкер.

Өзі «алтын балам» деп атайтын немересінің жаназасында Бітім ағай, туысы Тәжмағанбет ақсақал, ұстаздары мен достары сөз алып, кеше ғана арада жүрген сүйкімді жас жігітке қимастықпен қинала тұрып қоштасу сөз арнады.

Маңғыстау облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің бастығы Әлібек Коюпов сөз алып, «Мейірхан әріптесіміз енді ана әлемнен шекара шебін қорғауға кетті. Ерлікпен қаза тапқан марқұмның топырағы торқа болсын!» деп көңіл білдірсе, жауынгерлер үш мәрте оқ атты.

Әскери оркестр Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындаған сәтте көк Туды жамылып жатқан жас батырдың құлағында қалатын соңғы саз, жердің үсті – жарық дүниеден еститін соңғы әні өзі сүйген, өзі жанын құрбан еткен туған елінің Әнұраны болды.

Қош бол, ерен ерліктің үлгісі – жас батыр!

Маңғыстау облысы

Ерлердің рухына бас иді

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазақстан аумағында жарияланған Жалпыұлттық аза тұту күні оралдық азаматтар жазықсыз қаза болған құрбандарына тағзым етті.

Ақжайық өңірінің бірқатар ақыны мен Қадыр Мырза Әлі өнер мен мәдениет орталығы қызметкерлері Орал қаласындағы Сырым Датұлы ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ел үшін жанын қиған ерлердің рухына бас иді.

Батыс Қазақстан облысы

Үнсіздікпен еске алды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаған Өкіміне орай Қарағанды облысы әкімдігінде өткен аппарат кеңесінде қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдарының, Ұлттық ұланның қызметкерлерін және еліміздің бейбіт тұрғындарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қайрат ӘБІЛДА,
«Egemen Qazaqstan»

Өңір басшысы Жеңіс Қасымбек облыс әкімдігінің атынан қаза тапқан қазақстандықтардың туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

Құқықтық тәртіп пен халықты қорғауды қамтамасыз ету барысында қаза тапқан қатардағы жауынгер Мадияр Қайсаров пен Ұлттық ұланның сарбазы Айбат Амановтың денелері туған елді мекендеріне жерленді. Өңір басшысы марұмдардың отбасылары мен жақындарына қайғыларына ортақтасатынын жеткізіп, оларға қолдан келген көмектің бәрі жасалатынын мәлімдеді.

Сонымен бірге Қарағанды облыстық полиция департаментінің қызметкерлері ланкестік актілер барысында қаза болғандарды еске алды. Еске салар болсақ, марқұмдардың арасында 8 полиция қызметкері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері болды.

Қарағанды облысының коменданты Ерлан Файзуллин тәртіп сақшыларының сын сағатта батырлық пен ерлік көрсете отырып, қызметтік және әскери міндеттерін өмірлерінің соңына дейін адал орындағанын атап өтті.

– Әріптестеріміз туралы естеліктер ішкі істер органдары қызметкерлерінің және барша Қазақстан халқының жүрегінде мәңгі сақталады. Біз, ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыскерлерді құрықтап, олардың тиісті жазасын алуы үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз, – деді ол.

Полиция қызметкерлері қаза болған әріптестерін бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

Қарағанды облысы

Жаппай тәртіпсіздік құрбандарымен қоштасты

Жетісудағы жаппай тәртіпсіздік кезінде бүлікшілер мен содырларға тегеурінді қарсылық көрсетіп, қызметтік міндетін мүлтіксіз атқарған полиция мен күштік құрылымдардың бірнеше жауынгері қаза тапты.

Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Жалпыұлттық аза тұту күнінде Жетісу жұрты тағы бір боздақ ұлын жер қойнына тапсырды. Алматы қаласындағы жаппай тәртіпсіздік кезінде әскери борышын қалтқысыз өтеп, содырлар қолынан қаза тапқан Жайық Әділханның мәйіті туған ауылына жеткізілді. Панфилов ауданы, Еңбекші ауылында туып-өскен марқұм Алматыдағы шекара академиясының екінші курсында білім алып жатқан еді. Бұлғақ басталған кезде қаладағы маңызды нысандарды қорғауға шыққан курсанттар сапында болған жас жауынгер содырлар қолынан мерт болды.

Сондай-ақ Талдықорғандағы тәртіпсіздік кезінде кәсіби парызын соңына дейін адал атқарып, бұзақылар қолынан мерт болғандар тізімінде қатардағы жауынгер Айбат Аманов, полиция лейтенанты Дархан Барғанаев және әділет прапорщигі Ербол Ержанов сияқты есіл ерлер бар. Еліміздің тұтастығы мен конституциялық құрылымын сақтау жолында өз өмірін сарп еткен марқұмдардың ерлігі жоғары мемлекеттік награда – «Айбын» орденіне лайықты деп танылды. Қаза болған Ұлттық гвардия сарбазы Айбат Амановтың жасы 18-ден енді ғана асқан екен. Өткен жылдың көктемінде әскер қатарына шақырылған бозбалаға Отан алдындағы борышын өтеу Жетісудың бас қаласынан бұйырыпты. Айбат Қарағанды облысында туып-өскен. Әскери борышын өтеу кезінде тек жақсы жағынан көрінген қатардағы жауынгер облыс орталығында басталған жаппай тәртіпсіздік кезінде бұзақы топпен бетпе-бет келіп, тосыннан тиген соққыдан жан тәсілім етіпті. Марқұмның туыстарына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен берілген «Айбын» ордені табысталды. Ал полиция лейтенанты Дархан Барғанаев ішкі істер органдарына 2011 жылы қызметке келген. Құқық қорғау қызметін атқару кезінде ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттырып, аймақтағы қауіпсіздікті жақсартуға үлес қосып келді. Қатардағы полицейден жедел әрекет ету жасағының арнайы инспекторы дәрежесіне дейін көтерілген тәртіп сақшысы облыстық полиция департаментіне жасалған шабуыл кезінде ланкестердің қолынан қаза тапты. Марқұм «Айбын» орденімен наградталды.

Талдықорғандық әділет прапорщигі Ербол Ержанов ішкі істер органдарына 1999 жылы қызметке келген болатын. Осы кезге дейін өз жұмысын абыроймен атқарған ержүрек азамат жас мамандарға тәлімгер ұстаз ретінде сыйлы болған еді. Ол екі бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке, антына адал тәртіп сақшысы ретінде әріптестерінің және жалпы жетісулықтардың жадында мәңгілік сақталып қалды. Марқұмға қаза болғаннан кейін Президент Жарлығымен «Айбын» ордені берілді.

«Алматы облысының полиция департаменті жаппай тәртіпсіздік салдарынан қаза тапқан ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Өкінішке қарай, олардың арасында біздің екі әріптесіміз бар. Жедел әрекет ету жасағының инспекторы Дархан Барғанаев, әділет прапорщигі Ербол Ержанов құқықтық тәртіпті қорғаудағы қызметтік міндеттерін адал орындады. Олардың жарқын бейнесі біз үшін Отанға риясыз қызмет ету мен антқа адал болудың айнымас белгісі болары анық», деді қаралы жиында облыстық полиция департаментінің басшысы Серік Күдебаев.

Айтпақшы, облыстағы жағдай біртіндеп қалыпқа түсіп келеді. Қазір өңірдегі ахуал әскерилер мен полицияның толық бақылауында. Дерек бойынша жаппай тәртіпсіздік пен тонауға қатысты деген күдікпен 430 адам анықталып, ұсталған. Бұзақылардан 58 дана суық қару алынған көрінеді. Ал облыс орталығында зардап шеккен нысандарды қалпына келтіру жұмыстары басталды.

Алматы облысы

Алматы тіршілігі арнасына түсіп келеді

Жаппай тәртіпсіздік салдарынан астаң-кестең болған Алматыны қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды. Сүттей ұйыған тыныштықты сапырған бүлікшілердің басым бөлігі қолға түсті. Қызыл жалынға оранған көліктердің қаңқасы қаладан шығарылып жатыр.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Алматының тыныс-тіршілігі біртіндеп қалпына келмек. Терроризмге қарсы шұғыл әрекет әлі де жалғасуда. Шаһардың кіреберіс қақпаларына қойылған блок-бекеттер кірген-шыққан көліктер мен жеке тұлғаларды жіті тексеруде. Қала комендатурасы таратқан соңғы ақпарға сәйкес лаңкестік, тонау және басқа да қылмыстардың 508 қатысушысы қолға түсті. 22 бірлік атыс қаруы мен 1 412 оқ-дәрі тәркіленді. Блок-бекеттерде 56 адам, 9 күдікті көлік ұсталған. «102» басқару пультіне мыңнан аса хабарлама, комендатураның кол-орталығына азаматтардан жедел әрекет етуді талап ететін 525 дабыл түскен. Бұл ақпараттар күн сайын жаңаруда.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев шаһар тұрғындарына тыныштық пен батылдық танытып, жағдайды тұрақтандыруға және тәртіп орнатуға ықпал еткені үшін алғыс айтты. Ол Президенттің шұғыл іс-қимылының нәтижесінде елдің күйреуінің алдын алуға қол жеткенін атап өтті.

«Қазақстан бүкіл әлемге елімізді және халқымызды күйрету мүмкін еместігін дәлелдеді. Біз халқымыздың қиын кезеңдерде ұйымшыл болып, жұдырықтай жұмылып әрекет ететініне тағы да көз жеткіздік. Алматылықтарға тәртіпсіздік кезінде бізге көрсеткен көмектері үшін алғыс айтамын», деді Б.Сағынтаев.

Алматының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб тәулік бойы жұмыс істейді. Барлық қызметтер антитеррористік орталықпен тығыз қарым-қатынаста. Қаланың бүкіл аудандарында тазалық жұмыстары жүргізілуде. Көшелерден 200 тоннадан астам қоқыс, аулалардан 1 мың тоннаға жуық қалдық шығарылды. Коммуналдық қызметтер әскери қызметшілер залалсыздандырған аумақтарға кіреді. Қаланы тазарту жұмыстарына құқық қорғау қызметкерлері де атсалысуда. Айта кетсек, орын алған қиын жағдайға қарамастан қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі үзіліссіз жұмыс істеді. Халықты сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, жылу қызметтерінде іркіліс жоқ.

Алматының азық-түлік қауіпсіздігі, өнімдердің тапшылығы біртіндеп ретке келіп жатыр. 80-ге жуық супермаркет, үш ірі азық-түлік базары, 70-ке жуық ЖҚС, 111 дәріхананың есігі қайта ашылды. Үш дәріхана тәулік бойы жұмыс істейді. Автогаз бағасы литріне 70 теңгеге дейін төмендеді. Қабылданып жатқан шаралар қала өмірін біртіндеп қалыпқа келтіруге мүмкіндік берді.

«Тек сабырлық, шыдамдылық пен түсіністік қажет», деген Б.Сағынтаев ТЖ режімінің талаптарын мүлтіксіз сақтау және комендантты сағатты бұзбау қажеттігін еске салды.

«Болған жағдай бәрімізді қынжылтты. Ару қаламыздың көз алдымызда қирауы қабырғамызды сыздатты. Енді ес жимастай көрініп едік. Шүкір, тіршілік қайта жандана бастады. Бұл оқиға бәрімізге үлкен сабақ болды. Бастапқы күндері жұрт дүкеннен нан таппай сенделгенін көрдік. Осыдан кейін тыныштықтың, тәуелсіздіктің бағасы біздің санамызда одан сайын биіктей түсетіні сөзсіз», дейді қала тұрғыны Ерғанат Қуатбекұлы.

АЛМАТЫ

«Күшіміз бірлікте» қоғамдық қоры ашылды

Алматы қаласы кәсіпкерлерінің бастамасымен «Күшіміз бірлікте» қоғамдық қоры ашылды. Бұл туралы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары Нариман Әбілшайықов хабарлады.

Рауан ҚАЙДАР,
«Egemen Qazaqstan»

Палата өкілдері еліміздің ірі бизнесмендерінен мүмкіндігінше қорға қаржы аударуды сұрайды. Қазір қорды тіркеу жұмыстары жүріп жатыр. Бүлікшілердің әрекетінен бизнеске 90 млрд теңгеден астам шығын келді. Зардап шеккен кәсіпкерлер тізімі реттеліп жатыр.

«Барлығы ашық түрде болады. Түскен қаражат сомасы және бұл қаражат кімге қай мөлшерде, қай мекемеге аударылатынын ресурсымызда жариялауға дайынбыз. Мемлекеттік комиссия құрылып жатыр. Зардап шеккен кәсіпкерлер фото-видео материалдарын тіркеп, жергілікті полиция қызметкерлерімен бірге хаттама толтырып, құжаттарын даярлауына болады», деді «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Н.Әбілшайықов.

5 қаңтардан бері қоғамдық көліксіз қалған қала көшелеріне дүйсенбіден бастап жан біте бастады. Шаһар тұрғындары да көшеге шығып, жұмыстарына бара жатқандардың қатары артты.

Көшелер қалпына келтіріліп жатыр

Айнаш ЕСАЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Алматыда жүргізілген тексеру жұмыстарының қорытындысы қаланың жол-көлік инфрақұрылымы қаншалықты зардап шеккенін көрсетті. Бейбіт ереуілшілер тоғысқан «Алматы Арена» аумағында және Назарбаев пен Достық даңғылдары, Сәтбаев көшесінің бойында, Республика алаңында тас төсеніштері бұзылған 2 мыңнан астам орын анықталды.

Дүйсенбіден бастап көшелерді жөндеуге 80 жұмысшы, 30 арнайы техника шығарылды. Сондай-ақ 120-дан астам жол белгілері зақымдалғаны анықталды. Бүгінде олардың 80-і қалпына келтірілді. Сонымен қатар қалада бағдаршам нысандарын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Бұған дейін хабарланғандай, қалада 40-тан астам бағдаршам зақымдалған. Олардың 15-і 9 қаңтарда қалпына келтірілсе, 10 қаңтарда 7 бағдаршам нысанына күрделі жөндеу жүргізу жоспарланды. Қаланың көше-жол желісін қалпына келтіру және тексеру жұмыстары жалғасып жатыр.

АЛМАТЫ

Екі банктің электронды қосымшасы жұмыс істеп тұр

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Екінші деңгейлі банктердің электронды қосымшалары 8 қаңтардан бері қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұр. Алматы тұрғындары кешеден бері Halyk Bank және Каспи банктің электронды қосымшаларын қолданып, дүкендерден азық-түлік сатып ала бастады.

Halyk Bank АҚ баспасөз бөлімінің жетекшісі Ербол Арыстанбек бізге берген сұхбатында ел көлемінде банктің 309 бөлімшесінің қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрғанын, тек Алматы мен Талдықорған қалаларында уақытша шектеу жағдайында екенін хабарлады. Банк өкілі айтып өткендей, Алматыдағы қираудан аман қалған банк терминалдары қалыпты жағдайда жұмыс істейді.

Қазір Halyk Bank материалдық шығыны туралы толықканды ақпарат жоқ. Бұл туралы мәліметтер бүгін түс ауа белгілі болады.

Бізге белгілісі, әзірге екі банк қана электронды қосымшаларын іске қосты.

Бизнестің шығыны тым көп

Елдегі тәртіпсіздіктер салдарынан бизнеске келтірілген шығын көлемі 93,7 млрд теңгеден асты. Бұл – 10 қаңтар, сағат 9.00-дегі ресми дерек. Оны «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы таратты. Аталған шығынның 92,2 млрд теңгесі Алматы қаласына тиесілі. Осыдан-ақ оңтүстік астанамыздағы жағдайдың қаншалықты күрделі болғанын бағамдай беріңіз.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл ретте бір ғана Magnum Cash&Carry сауда желісінің өзі шамамен 11 млрд теңге шығынға ұшыраған. Компанияның PR-менеджері Дмитрий Шишкиннің хабарлауынша, тәртіпсіздіктер кезінде Алматы қаласындағы Magnum-ның 15 дүкені толықтай тоналған. Ал 11 дүкен ішінара шығынға батыпты.

– Қазір мүмкіндігімізше дүкендерді қайта ашып жатырмыз. Мәселен, 10 қаңтар күні Алматыдағы 56 дүкен жұмысқа кірісті. Жұмыс уақыты дүкендердің орналасқан жеріне байланысты кешкі 18.00-19.00-ге дейін деп көрсетілген, – деді ол.

Компания өкілі тәртіпсіздіктер кезінде компания қызметкерлерінің зардап шеккенін, иә шекпегенін нақты айта алмады. Тек бұзақылар келген кезде қызметкерлердің бәрі дерлік қауіпсіз жерге жеткізілгенін айтты.

– 15 дүкендегі тауарлардың бәрі тоналды. Төтенше жағдай енгізілген сәттен бастап дүкен сөрелерінен арақ-шарапты толықтай алып тастадық. Техникалар да қолды болды. Кассаларды қиратты. Бәрін қалпына келтіру өте қиын. Сондықтан мемлекеттен қолдау күтеміз. Зардап шеккен бизнеске «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Сауда және интеграция министрлігі тарапынан қолдау көрсетіледі деген сенімдеміз. Қазір жұмысты өз күшімізбен қалпына келтіріп жатырмыз. Алматыдағы қорымызда тауар жеткілікті. Жақын күндері тауар тасымалдары қалпына келеді деген сенім бар, – деді Дмитрий Шишкин.

Ол компания қыруар шығынға ұшырағанына қарамастан, жергілікті тәртіп сақшыларына, әскерилерге, өрт сөндірушілерге көмектесіп жатқанын, ауруханаларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырғанын мәлімдеді.

– Компания орын алған жағдайларға қарамастан жұмыс орындарын толық сақтайды. Қызметкерлердің жалақысы уақтылы төленеді. Компания қаржылық жағдайды реттеу үшін тиісті шараларды қабылдайды. Әзірше дүкендердің жұмыс кестесі бір қалыпты емес. Өзгеріп тұрады. Сондықтан толық ақпаратты компанияның ресми сайтынан алуға шақырамыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күзет қызметі күшейді. Бұл тұрғыдан бізге Алматы қаласының әкімдігі үлкен қолдау көрсетіп отыр. Қауіпті аумақтардағы дүкендерді әлі ашпадық, – деді Magnum Cash&Carry сауда желісінің өкілі.

Өткен нөмірде хабарлағанымыздай, қазіргі уақытта «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес өкілдеріне қолдау көрсету желісін іске қосты. Ол бірнеше бағытты қамтиды. Мәселен, 10 қаңтардағы дерекке сүйенсек, тікелей желіге кәсіпкерлерден 2 774 қоңырау түскен. Оның 1 406-сы мародерлық әрекеттерге байланысты. 39 қоңырау форс-мажор куәлігін рәсімдеуге арналған. Бұдан бөлек, блок-бекеттердің жұмысына қатысты 2 қоңырау, зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдау қоры бойынша 3 қоңырау түскен. Жеке тұлғалардан түскен қоңыраулардың саны – 1 324.

«Атамекеннің» хабарлауынша, еліміздің 9 өңірінде 1 488 нысанда орналасқан 1 319 зардап шеккен бизнес субъектісі анықталған. Оның ішінде Алматы қаласында 1 234 субъекті зардап шеккен. Бұл ретте 1 245 сауда орнына, 25 қоғамдық тамақтану орнына залал келген. Сондай-ақ қаржы секторының 37 субъектісі, логистика қызметінің 9 субъектісі, БАҚ саласының 2 субъектісі залал көрген.

Осы орайда зардап шеккен бизнесті қолдау мақсатында «Күшіміз бірлікте» – «Сила в единстве» қоры құрылды. Оны Алматы кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Максим Барышев басқарады. Қаржылай қолдау көрсетемін деген азаматтар ұлттық палатаның call-орталығына және Алматы қаласының өңірлік кеңесіне хабарласа алады. Келесідей телефон нөмірлері тәулік бойы қызмет көрсетеді: +7778 4101758; +7775 1261839 және +7777 79470077 (Бауыржан Оразғалиев, Алматы өңірлік кәсіпкерлер палатасы).

«Күшіміз бірлікте» – «Сила в единстве» қорына түскен қаражат Алматы қаласы және басқа да аймақта зардап шеккен кәсіпкерлерге арнайы комиссияның шешімінен кейін бөлінетін болады. Қор қаржының түсуі және бөлінуі ашық болатынына кепілдік беріп отыр. Барлық қаржы операциясы цифрландырылған және жұрттшылыққа жарияланып отырады.

Аталған қорға қомақты қаржы аударған кәсіпкерлердің бірі – белгілі меценат, «ҚазАзот» АҚ басшысы Бахаридин Аблазимов. Ол зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдап, 500 млн теңге көмек көрсетті. Бұл қорға түскен алғашқы қомақты қаржы.

– Алматыда шағын кәсіпкерлердің асханалары, дүкендері, шаштараздары қиратылып, өртелді. Қаншама зат қирады. Оларға көмектесетін қор ашылды деген соң, өзімнің азаматтық борышымды осылай өтегім келді. Өзге де кәсіпкерлерді бұзақылардың әрекеттерінен кейінгі шығынды қалпына келтіруге атсалысуға шақырамын. Біздің күшіміз – бірлікте, – дейді Бахаридин Аблазимов.

Елдіктің жолында бірлік керек

Кеше елімізде Жалпыұлттық аза тұту күні болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кешегі берекесіздікте Отан алдындағы борышын адал атқарып, бейбітшілік жолында қаза тапқан құқық қорғау органдары және күштік құрылым қызметкерлерінің, қарапайым тұрғындардың ерлігін ел есінде қалдырып, оған тағзым ету үшін осындай шешім қабылдады.

Ел тыныштығы үшін опат болған азаматтардың рухы шат болсын! Олардың отбасы мен туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Ел ішіне бүлік салудың бір сәтте екеніне көзіміз жетті. Тыныштықтың тал бесігін шайқап, тұрақтылықтың бәйтерегін құлатпақ болған арам ниеттілер бейбітшілік пен бірлікті көзінің қарашығындай сақтап отырған мемлекетімізді ала тайдай бүлдірмек болды. Тәуелсіздігімізге, аңсап жеткен азаттығымызға алакөздене қарағандардың халық арасына үрей салып кеткені белгілі. Дегенмен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шұғыл әрі дұрыс шешім қабылдауының арқасында лаңкестер салған лаң ауыздықталып, елімізде тұрақтылық қайта қалпына келіп жатыр.

Біз қазір алауыз болатын, бір-бірімізді айыптайтын, біріміз екіншімізге өкпе артатын сәтте емеспіз. Таразы басында Тәуелсіздік тұрғанда халқымыз бір үйдің баласындай, бес саусақтың саласындай бірігіп, бұзылмаған отыз екі тістей тұтасып, еліміздің тыныштығы үшін күресетін күрделі кезеңдеміз. Сондықтан баршамыз Мемлекет басшысының айналасына топтасып, әрбір қазақстандық азамат Төтенше жағдайдың талаптарын қатаң сақтап, елдегі тұрақтылықты қалпына келтіруге қал-қадірінше атсалысып, бірлік пен бейбіт өмірдің жолында әрекет етуі керек.

Дүрбелең кезеңді, бұлағай заманды бәріміз бір болып қана еңсере аламыз. Әркімнің ойы, пікірі, саяси ұстанымы әртүрлі болуы заңдылық. Бірақ дәл қазіргі сәтте оның барлығын ысырып тастап, бір болудың қамын жасағанымыз абзал. Өйткені тағдырдың тәтті сыйы Тәуелсіздікті тәрк етіп алсақ, бабалар аруағы да, болашақ ұрпақ та бізді кешпейді.

Еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болсын!

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

ҰҒА Төралқасы Президент шешімін қолдайды

Ресми мәліметтерге сүйене отырып, ҰҒА Төралқасы отандастарымызға және әріптестерімізге төмендегідей ұсыныстарын білдіреді.

Соңғы үш-төрт күнде елімізде белең алған оқиғаға қабырғамыз қайысып отыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев президенттік міндетіне кіріскен уақыт аралығында ел дамуы үшін дұрыс шешімдер қабылдап келеді. Елімізде орын алған төтенше жағдай барысында Президенттің халықаралық аренадағы беделінің жоғары екендігін көріп отырмыз. Бұл біздің мемлекетіміздің тұрақтылығына және жарқын болашағына үлкен сенім туғызады.

Бізді таңғалдырып отырған ресми дерек – Алматы қаласына 20 мың лаңкестің білдірмей кіріп кеткендігі. Осыншама лаңкестердің он мыңдаған жастарды арттарына ертіп, көшеге шыққаны тіпті түсініксіз. Сонда біздің шекара қызметкерлері мен қауіпсіздік комитеті қайда қарап отыр? Соншама адамды орналастырып, тамақтандырып қана қоймай, қаруландырып және ең бастысы, оларға үлкен қаржы тауып беріп ұйымдастыру үлкен күшті қажет ететіні белгілі. Мемлекетіміздің тыныштығын бұзғысы келген лаңкестер мен сатқындық жасаған жауапты мемлекеттік қызметкерлер тиісті жазасын алулары керек. Бұл мәселені асығыпаптықпай, сабырлықпен зерттеп, әділетті шешім қабылдағанымыз жөн. Қателесіп оларға еліктеп еріп кеткен жастарды лаңкестерден ажырата білу қажет.

Әрине, ел ауызында жүрген күрделі мәселелерді айтпай кетуге болмайды. Ең бірінші кезекте бұл қоғамда орын алған жемқорлық. Оны ауыздықтамай біз алға қадам да баса алмаймыз, ауызбіршілігі мол қоғам да құра алмаймыз. Бұл халықаралық тәжірибеден белгілі.

Алға тартатын күрделі жайттың бірі – кадр мәселесі. Осындай уақытта қызметтерге кадр таңдауда дұрыс шешім қабылдауымыз қажет. Дамыған елдердің барлығында басшы қызметкер және оның орынбасарлары ұжымның немесе сол аудандағы, өңірлердегі халықтың жасырын дауыс беруі арқылы сайланады. Біз де осы тәжірибелерге сүйенуіміз керек. Сонда ғана қателіктер болмайды. Бастық болып, айналасына тамыр-таныстарын жинауды мүлдем тоқтату қажет, бұл түптің түбінде жемқорлыққа немесе ұрлыққа апарып соқтыруы мүмкін.

Осы орайда ҰҒА ұжымы атынан Президент Қ.Тоқаевқа айтар өтінішіміз де жоқ емес. Ең бастысы, 2003 жылдан бастап еліміздің жетекші ғалымдарынан құралған 75 жылдық тарихы бар Ұлттық ғылым академиясы жол шетіне ығыстырылды. Біздің айтатын ұсыныстарымыз биліктің құлағына жете бермейді. Бұл ғалымдарды даярлау үшін қанша еңбек, тіпті мемлекеттің қаншама қаражаты жұмсалды. Оларды ел дамуындағы шаруаларға қосып жұмыс істеткен пайдалы емес пе?! ҰҒА-ның бұл аянышты жағдайы басқа мемлекеттерде жоқ. Тіпті кеше ғана көш соңында келе жатқан Африканың кейбір мемлекеттерінде де Ұлттық ғылым академиялары құрылып, ел игілігіне жақсы жұмыс істеп келеді. Ғалымдар тарихынан белгілі бір жайтты айта кеткіміз келеді. Франция-ның белгілі ғалымы Лавуазьені патша бұйырған өлім жазасынан ешкім құтқара алмады. Гильотинаға тартып өлтіру баржоғы бес-ақ минут уақытты алды. Бірақ Францияға Лавуазье сияқты ғалымды даярлау үшін 50 жыл қажет болды. Осы мысалдан сабақ ала отырып, ғылымның мәртебесін көтеріп, ғылым мен білімнің әлеуетін еліміздің дамуына пайдалану керек. Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев сайланған уақыттан бастап «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды айтып келе жатыр. Бұл өте дұрыс қадам. Себебі түсінбеушіліктен туған наразылықты жоюдың ең басты құралы болып табылады.

Сөз соңында айтарымыз, сүйікті Отанымыз Қазақстан білімі де, ғылымы да дамыған ел. Оған қоса тағдырдың бізге берген кең-байтақ жері мен шексіз жер асты байлығы бар. Оларды өзіміз өндіріп, ғалымдар жасаған жаңа технологиямен тауар шығарсақ, халқымыздың әлеуметі жетілген бай мемлекет боларымыз айдан анық.

Егеменді еліміз үшін қиын-қыстау сәттерде ауызбіршілігіміз сыналуда. Біз үшін ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздік. Сондықтан Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жүзеге асырып жатқан реформалар мен саясатқа толықтай қолдау білдіреміз.

ҰҒА Төралқасы

Қазақ ұлысына үндеу

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бастамасымен елімізде орын алған жағдайға байланысты әдебиет және өнер қайраткерлерінің Қазақ еліне үндеуі.

Қадірлі бауырлар!

Біз – әдебиет және өнер қайраткерлері, елдегі жағдайға үлкен алаңдаушылық білдіріп, келесіні мәлімдейміз.

Елімізде қалыптасып отырған қоғамдық-саяси жағдай өте күрделі.

Іштен шыққан жау мен сырттан соққан жаудың қитұрқы әрекеттерінің нәтижесінде ел іші бүлініп, қалаларымыз қирап, стратегиялық нысандарымыз отқа оранып, бейбіт тұрғындарымыз зардап шегіп жатыр.

Ірі сауда орталықтары тоналып, банктер мен қоғамдық орындар талқандалып, жарамсыз болып қалды.

Сұлу Алматымыз әлі күнге дейін қара түтінге тұншығып тұр. Тұрғындарымыздың көзінде үрей, жүрегінде алаң орнап алды.

Сырттан мұздай қаруланған экстремистік топтар ел ішін ала тайдай бүлдіріп, тыныш өмірімізге ойран салды.

Мұндай сұмдық оқиғаларды Қазақстан бұрын-соңды көрген емес.

Өздерінің пасық мүдделері үшін халық пен қалаларды құрбандыққа шала салуға да бара салатын зымиян адамдардың мұндай өрескел әрекеттерін зиялы, көзі ашық азаматтар көріп отыр және қатаң айыптауда.

Сондықтан осындай алағай да бұлағай шақта, еліміз үшін тарихи сын сағатта біз заңды түрде сайланған, барлық құзыретті қолына алған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қасына топтасып, бірлесе қимылдап, елдегі жағдайды тұрақтандыруға тиіспіз.

Және күллі Алаш жұртын бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір болуға шақырамыз!

Қолымыздағы ең қасиетті, ең киелі деп саналатын ардақты Тәуелсіздігімізді сақтап қалайық!

Ел аман болсын!

Құрметпен

Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Сейіт Қасқабасов, Нұрғали Нүсіпжанов, Дулат Исабеков, Кәдірбек Сегізбаев, Бексұлтан Нұржекеев, Темірхан Медетбек, Жабал Ерғалиев, Молдахмет Қаназов, Алтынбек Қоразбаев, Досхан Жолжақсынов, Ұлықбек Есдәулет, Талғат Теменов, Секен Тұрысбеков, Несіпбек Айтұлы, Жүрсін Ерман, Роза Рымбаева, Мереке Құлкенов, Құлбек Ергөбек, Кенжехан Матыжанов, Анар Фазылжан, Бауыржан Жақып, Дүкен Мәсімхан, Бекжан Тұрыс, Маралтай Райымбекұлы, Дәурен Қуат, Сәкен Сыбанбай, Бақыт Беделхан, Мейрамбек Бесбаев, Дәулеткерей Кәпұлы, Ерғали Әбдірайым, Ақберен Елгезек, Серік Ақсұңқарұлы, Тұрсын Жұртбай, Бауыржан Бабажанұлы, Елена Әбдіхалықова, Мәди Айымбетов, Толымбек Әбдірайым, Елмұра Жаңабергенова, Асхат Маемиров

Тәуелсіздігімізге көлеңке түспегей!

Елдігімізді, бірлігімізді көрсететін күндерге тап болдық. Өкінішке қарай, теріс пиғылды, жауыз ниетті топтар сырттан, ақылы таяз, өміріне риза емес, өзінің, ұрпағының болашағын ойламайтындар іштен еліміздің тыныштығын бұзып, халықты қайғыға ұшыратты.

Республика ардагерлері болып жатқан бұзақылықтың тоқтауы үшін халық арасында ақсақалдық, ағалық, түсінік жұмыстарын жүргізуде.

Шаңырағымызды шайқалтуға ұмтылған топқа кешірім жоқ.

Елін, халқын, абыройын ойланбай отқа салған қандастарымыз өз қатесіне заң алдында жауап беруге тиіс.

Бұл жағдайда ҰҚШҰ бітімгерлік миссиясын шақыру туралы шешімнің дұрыстығына көз жеткіздік.

Ғасырлар армандаған тәуелсіздігімізге көлеңке түспегей!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының басшылығымен қабылданып жатқан шараларды қолдап, төңірегіне топтасайық, ағайын!

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ,
Республикалық «Ардагерлер ұйымы» орталық кеңесінің төрағасы

Мына майдан, қай майдан?!

Ақтаудағы ағайын жөн-жосықсыз қымбаттаған газ үшін бейбіт шеруге шығып еді, еліміздің көптеген қалалары бір сәтте көшеге шықты. Бейбіт шеруден басталған ұшқын орманды отқа орағандай бейбіт жатқан еліміздің астаңкестеңін шығарды. Күн мұңайып шығып, қансырап барып батты. Қазақ даласы өз ұясын бұзып, өз шаңырағын ортасына түсіруге бел буғандай, қазақ баласы мен қазақ баласы бір-бірін ата жауларындай аямауға кіріскендей көрінген.

«Бұл майдан, қай майдан?!» дегендей, бұл сыртқы жаулардың, кейін белгілі болғандай, айлар бойы ма, жылдар бойы ма қалтқысыз даярлаған сыртқы күштердің мемлекетімізді жойып, тәуелсіздігімізді тұғырынан тайдыру үшін ойластырған зұлым әрекеті болып шықты. Оң-солын танып болмаған жастарды ақшамен арбап, есірткімен есін алып топ көбейткен екен. «Қазақ қазақты аямай қырып жатыр» деу үшін. Ол мақсаттары жүзеге асты да. «Тәуелсіздіктің туын көтерген 30 жыл ішінде Қазақстан ғана өзімен де, өзгемен де ұғысқан мемлекет болды» деген сипаттама, бәлкім біраз көршінің ішкірмесіне айналған шығар.

Бейбіт шеруден басталған аласапыранның алғашқы сәтінде-ақ Президентіміз барша жұртшылыққа және жастарға арнап неше дүркін мәлімдеме жасады. Отпен ойнамауларын ескертті. Жоқ, олар қалалардағы мемлекеттік мекемелерге, стратегиялық нысандарға шабуыл жасап, отқа орады. Дүкендерді, банктерді қиратып, тонады.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіндегідей көшелердегі машиналар өртеніп, жаралылар жайрап жатты. Ол жылы майдан азаттық пен теңдік аңсаған, әділдікті талап еткен жастарды жөнге салу үшін Мәскеудің рұқсатымен қару жұмсаған әскери күштердің арасында өтсе, бұл жолы арнайы даярлықпен мемлекеттік төңкеріс жасау жолындағы шайқас еді...

Менің немерелерімнің жасындағы талай азамат қыршын кетті. Жаңа жылдан жаңа үміт күтіп отырған күндері талай боздақ ата-анасын боздатып кетті. Бәрінің де қайғысына ортақтасып көңіл айтамын.

Осынау майданды ел дұшпандарының ұйымдастырғанында гәп жоқ. Қалалардағы қай мекемелерге қай мезгілде шабуыл жасау керек, қай жерлерден қандай қару-жарақтарды тартып алуға болады? Барлығын да мүлтіксіз ойластырған. Сонда біздің барлық әскери құрылымдар қайда қарап отырған?! Әлде тәуелсіздік жылдарындағы бейбіт күндер бойкүйез ғып жіберді ме, әлде солардың өздеріндегі ішкі жаулардың әсері ме?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі бір мәлімдемесінде біздің әскерилерге антитеррорлық операция кезінде ескертусіз-ақ оқ ату қажеттігін қатаң тапсырды. Өйткені қарусыз тұрған ұландар мен полицейлерді қырып-жойып, тіпті кей боздақтың басын кесіп алуы қазақ баласының қолынан келмейтін қаныпезерліктің асып кеткен түрі еді. Қирату, бүлдіру, тонау, өртеу – бұл да жаны ашымас жаудың әрекеті.

Президентіміздің стратегиялық бітімгерлік күштерді шақыруын да сан-саққа жүгіртушілер көбейді. Меніңше, бұл өте дұрыс шешім. Себебі біріншіден, терроршыларға біздің әскерилер оқ шығара бастаса, бүкіл Батыстағы «жанашырларымыз» Қазақстан билігі өз халқын қырып жатыр деп жарты әлемге жар салар лары анық. Баланы талап өлтірген итті де атуға қимайтын жануарлардың жалған жанашырлары «адам құқығы» деп қанішерлердің де құқығын қорғайтын болды. Сонда жазықсыздан жазықсыз тұщы өмірмен қоштасқандардың құқығы қайда қалады?..

Екіншіден, өзіміздің қорғаушы күштерімізге де сенім азайғандай. Алматы әуежайын күзетіп тұрған әскерилерге терористер шабуыл жасар алдында бір бастықтардың бұйрықпен оларды қайтарып жіберуін, стратегиялық мекемелердің қай жерде орналасқандарын, өздері қажет кезінде алуға болатын қару-жарақ, оқ-дәріні алдын ала әкеліп жасырып қойғандарын біреуінің білмей қалуы мүмкін бе?! Міне, осындай себептерге байланысты сырттан көмек сұрау ұтымды шешім деп білеміз.

Сондықтан ағайын, жалған сөзге еріп жарға жығылмайық. Ес жиятын уақыт жетті! Президентіміздің еліміздің ертеңі үшін жасаған мәлімдемелеріне құлақ асып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық.

Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Жұдырықтай жұмылу маңызды

Елімізде белең алған жаппай тәртіпсіздік пен деструктивті әрекеттерді тоқтатып, жоюға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен нақты шаралар жүзеге асуда. Ал оны тиянақты іске асыруды әрбір жауапты орган өз деңгейінде орындауы шарт. Оған халық қолдау білдіре отырып, қазіргі кезде талап етіліп отырған барлық шараға мұқият болғанын қалаймыз.

Ел басына төнген қиын кезеңде халықтың амандығы – басты міндет. Президентке қолдау білдіріп, мемлекеттігімізді сақтау жолында жауапкершілікті сезіне отырып, жұдырықтай жұмылу маңызды. Осы орайда студент жастарды, ата-аналарды қиын сәтте сабырлы болуға шақырамын. Отанымызға адалдықты сақтау маңызды.

Өкінішке қарай, бейбіт шеруде кейбір белсенділердің, арандатушылардың жауапсыз әрекетінен жүздеген бейбіт тұрғын мен әскерилердің өміріне қауіп төнді. Ел тыныштығы бұзылды. Қазіргі кезде оқу орындарында студенттердің, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жатақхана мен оқу ғимараттары қатаң бақылауға алынды. Биылғы оқу жылының екінші семестрі Білім және ғылым министрлігінің шешіміне сәйкес 24 қаңтардан басталады.

Қиын-қыстау кезеңде бірлігіміздің, тәуелсіздігіміздің бекем болуы маңызды. Осы орайда барша қазақстандықтарды, әсіресе жастарды сақтық танытып, ел тұрақтылығын сақтауға атсалысуға шақырамын.

Дархан БІЛӘЛОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры

АЛМАТЫ

Бітімгершілерге алғыс айтамыз

Мың өліп, мың тірілген халқымыздың басынан бұған дейін де небір нәубеттер өткен еді. Еліміздегі мына дүрбеленнің тұрпаты жан түршігерлік. Өз Отанымызды өзіміз ойрандап, бір-бірімізді өлтіріп, тонаушылықтың асқан жабайы түріне жол беруіміз – елдігімізге басылған қара таңба болды.

Шыны керек, Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының шұғыл да батыл, асқан қайсарлық пен орынды қабылдаған тиімді шараларының арқасында есімізді енді жидық. Әсіресе, ел бойынша тез арада төтенше жағдай жариялап, барлық құқық қорғау, күштік құрылымдарды жұмылдыру арқасында адам айтқысыз апаттан халқымыз аман қалды. Қаншама әскерилер мен полицейлер, арнайы қызметкерлер, қыршын жастар біздің бейбіт тіршілігіміз жолында терористер мен қарақшылардың қолынан қаза тапты. Олардың отбасыларына қабырғамыз қайыса көңіл айтамыз.

Осындай қиын қыстау шақта арнайы бекітілген шартқа сай, көршілес, тілектес елдерден бітімгершілік күшінің келуін де жұртшылық құптап отыр. Бұл біріншіден – жедел көмек, екіншіден – Отанын сатқан опасыздарға үлкен сес. Міндеттерінен соң олар кері қайтады. Алдын ала мың алғыс айтамыз!

Президентіміз өз үндеуінде келтірілгендей осындай қанды ойранға қалайша жол бердік, оның тұтануын аңдамай қалайша ұйықтап қалдық десеңізші?! Ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау органдары қайда қараған? Не деген кәсіби көрсоқырлық десеңізші. Бүкіл халық соларға тағдырын да, мемлекеттің қауіпсіздігін де сеніп тапсырды емес пе?! Шет жағасын енді сезіп отырмыз. Жоғарыдан жебеушілер табылыпты, кім болса ол болсын, қатаң жазалау шарт! Ел мен жердің амандығынан, мемлекетіміздің тәуелсіздігінен ең қастерлі де қымбатты ештеңе жоқ.

Тағдыршешті осындай тұста мемлекетіміздің тізгіні Қасым-Жомарт Тоқаев сынды әлем мойындаған арлы да адал, батыл да парасатты, халқым деген азаматтың қолында болғандығы, расы керек, халқымыздың бақыты. Әйтпегенде, Күлтегін бабамыз айтпақшы, «Ұлымыз құл, қызымыз күң болып» кетер ме еді, қайтер еді...

Қысқасы, Отан үшін отқа түсуге қай-қайсымыз да дайынбыз. Күн сөнбейінше көк байрағымыздың желбірей береріне бек сенеміз. Құдай жаққан шырақты шайтан үрлеп өшіре алмайды!

Әміре ӘРІН,
Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы

Тұрақтылық кепілі

Екі-үш күннен бері еліміздің кейбір өңірлерінде, қалаларында болып жатқан оқиғаларды ештеңемен ақтап алуға болмайды. Бұл – халқымыздың өміріне, мемлекетіміздің тұтастығына, тәуелсіздігімізге қауіп төндіретін оқиғалар. Сондықтан ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесін жинап, сонда қабылдаған шешімдері өте орынды және уақтылы деп есептеймін.

Дәл қазіргі жағдайда елдегі тәртіпті қалыпқа келтіру үшін, мемлекетіміздің тұтастығын сақтау үшін осындай нақты шаралар қабылдануы керек деп ойлаймын.

Елімізге өзіміз ие болуымыз керек. Ол үшін өзіміздің ішкі тәртібімізді сақтауға тиіспіз. Әрқайсымыз өз балаларымызға, жақын туыстарымызға ие болуымыз қажет. Осындай жағдайларда бір-бірімізге басу айтып, ақыл қосып, еліміздің болашағы үшін шетте қарап қалмауымыз керек. Кейбір азаматтардың әрекеттерін сөзбен, ақылмен және парасаттылықпен тоқтатуға әрекет жасау маңызды деп ойлаймын. Сондықтан қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тарапынан жасалып жатқан шаралар тез арада осы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Біздің мемлекетіміздің тәртіпті реттеп, әрі қарай дами беруіне мүмкіндігі бар.

Әли БЕКТАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты

Халқымызға тыныштық керек

Қазақстанның түкпір-түкпірінде болып жатқан жағдайларды көріп отырмыз. Азаматтарымыз жапа шегіп жатыр. Бейбіт шерудің арты осындай қақтығысқа айналып кеткені өкінішті. Бұл жағдайды теріс пиғылдылар өз мүддесіне пайдаланып кетті. Мұның бәрі ұйымдастырылғаны анық байқалады. Өйткені қаружарақпен шығып қарсылық көрсетіп жатыр.

Әскери азаматтар, полиция қызметкерлері көше тәртібін, қоғамдық тәртіпті сақтау үшін тер төгеді. Оларға қарумен қарсылық көрсету – террорлық әрекет деп санауға келеді. Жалпы, әлеуметтік саладағы қызметкерлерге, дәрігерлерге, жедел жәрдем көліктеріне кесірін тигізіп жатқаны ешқандай ақылға сыймайды. Алматы әуежайын қолданатын да өзіміздің азаматтар. Күнделікті әрі-бері ұшып жүр. Ұшақтарды басып алғанының өзі тікелей террорлық әрекет деуге болады.

Осындай кезеңде Мемлекет басшысының комиссия құрып, түрлі шаралар қабылдап жатқанын қолдаймыз. Халқымызға тыныштық, елімізге тұрақтылық керек. Азаматтарды арандатуға жол бермеуге, ойланып іс-әрекет жасауға, сыртқа шықпай үйде отырып, сақтануға кеңес беремін.

Халық жан-жақтан хабарласып жатыр. Ешкім мұндай бассыздықты қолдамайды. Осындай қиын-қыстау кезеңде бұрын әскерде болған, құқық қорғау органдарында еңбек еткен азаматтар «керек жағдайда шақырсын, барайық» деп жатыр. Елді қорғауға үлес қосуға дайын екенін жеткізді. Еліміз аман болсын!

Құдайберген ЕРЖАН,
Мәжіліс депутаты

Басты мақсат – антитеррорлық қимылды ерте аяқтау

Әу баста, ҰҚШҰ бітімгершілік күштерін шақыру туралы шешім шыққанда мұны қоғамда әртүрлі қабылдады. «Өзіміздің күштік құрылымдардың мүмкіндігі жетпей ме?», «Шетелдік көмекке жүгінудің қаншалықты негізі бар?» деген секілді көзқарастар туындады. Оның үстіне, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің кейбіріне қатысты қоғамдағы пікір де шешімге күмәнмен қараушылар қатарын көбейткен.

Бірақ бұл қай жағынан алғанда да негізді шешім екенін уақыт көрсетіп отыр. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл халықаралық шешімдер аясында қарастырылған. Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі өзара көмек мақсатында құрылған. Яғни әлдебір мүше мемлекетке іштен не сырттан қауіп төнгенде қалған одақтас елдер көмек береді, тығырықтан шығуға қолұшын созады. Өкінішке қарай, қазіргі таңда Қазақстанда сондай жағдай туындап тұр.

Екіншіден, Қазақстан осы күндері террористер мен бүлікшілердің жаппай шабуылына ұшырады. Осындай кезеңде шабуылға тойтарыс беру үлкен күшті, үлкен әлеуетті талап етіп отырғаны көрініп отыр. Бұл күштің құрылымдарға бастапқы кезде өте ауыр тиді. Сондықтан ҰҚШҰ-ның мүмкіндігін пайдаланудың бір себебі осында жатыр.

Үшіншіден, оқиғаны бақылауға алуға күштік құрылымдарымыздың әлеуеті, мүмкіндігі жетер еді. Бірақ соның бәріне қарамастан маңызды мәселе бар. Бұл – сыртқы одақтастардың қолдауы негізінде антитеррорлық әрекетті неғұрлым тез аяқтау. Яғни ҰҚШҰ-ның шақырылуы жағдайды бірнеше күнге, бәлкім бірнеше сағатқа ерте бақылауға алуға мүмкіндік береді. Ал қазіргі негізгі басымдық, мақсат – тезірек тыныштықты орнату, тұрақтылықты қалпына келтіру. Осындай кезеңде халықаралық тетікті неге пайдаланбасқа?!

Төртіншіден, ҰҚШҰ-ның күштері көбіне жанама, көмекші рөл атқарады. Антитеррорлық шараларды біздің күштік құрылымдар жүргізеді. ҰҚШҰ-ның күштері көбіне күзету, тәжірибемен бөлісу, мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар нысандарды күзетке алу секілді жанама жұмыспен айналысады. Яғни азаматтарымызға қарсы жұмыс істемейді. Көшелер мен алаңдарда жүрмейді. Сондай-ақ өте шектелген мерзімге келеді. Жағдай тұрақталған соң, өз елдеріне қайтады.

Бесіншіден, ҰҚШҰ әскерлері жекелеген елдердің сарбаздары емес. Бұл осы ұйымға кезінде арнайы жіберілген әскерилердің топтамасы. Тек қана сол ұйым мандатымен жүреді. Яғни бұл жерде Ресейдің, Арменияның, Қырғызстанның әскерлері елге кіріп кетті деген әңгіме болмауы тиіс.

Расул ЖҰМАЛЫ,
саясаткер

Президентті қолдау қажет

Елімізде орын алған жағдайдың қиындығына байланысты ҰҚШҰ-ның біріккен бітімгерлік әскери күштері шарасыздықтан шақырылды деп есептеймін. Халықтың бастапқы шеруі, әуелгі талабы дұрыс болатын. Алайда арандатушылар себебінен басқа түс алып кетті.

Халық мүлігін тонағандар, әскерге шабуыл жасағандар шықты. Енді оның анық-қанығын заң органдары анықтайды. Бірақ Президент батыл шешім қабылдап, бірнеше күнде халық күтіп отырған кадрлық ауыстүйістер жасады. Өз командасын сенімді басшылармен толықтырды. Мемлекет басшысы бар жауапкершілікті өзіне алып, елде төтенше жағдай жариялады. Жағдай тұрақталған аймақтарда Төтенше жағдай да шешілетіні хабарланды. Мұндай жағдайда бүкіл ел болып, халық болып Президентті қолдауымыз керек. ҰҚШҰ тәртібіне сай, әскер де елдегі жағдай тұрақталғанда шығып кетері анық. Әрі ол күштер стратегиялық ғимараттардың күзеті үшін шақырылғаны белгілі.

Ал тәртіп бұзған бұзақылар жазаға тартылады. Біз қашан да Президент жағындамыз. Алда саяси реформалар басталады деп сенеміз. Біз Президентті қолдаймыз.

Ауыт МҰҚИБЕК,
қоғам қайраткері

Еріктілердің еңбегі ерен

Елдегі қалыптасқан жағдайға бейжай қарай алмайтын жанашыр азаматтар қалаларда, аудандар мен ауылдарда жаппай тәртіпсіздіктерге, тонаушылық пен ұрлық-қарлық сияқты келеңсіздіктерге жол бермеу үшін еріктілер жасақтарын құра бастады.

Біз мұны дұрыс бастама деп есептейміз және қолдаймыз. Шаруаларға, орта тапқа керегі – тұрақтылық. Тұрақтылық бар жерде игілік артады. Сондықтан «Шопан ата» мал өсірушілер қауымдастығы өзінің жергілікті филиалдары арқылы осындай жасақтар құрып, тәртіп сақшыларына қолдау көрсетуге кірісті. Еліміздің Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облыстарынан басқа (бұл өңірлерде филиалдарымыз жоқ) 12 облысында осындай еріктілер тобын құруға шешім қабылданып, 400-ге тарта адам жұмылдырылып жатыр. Олар елге басу айтып, жағдайды түсіндірумен қатар, өз елді мекендерінде тәртіпсіздіктерге, тонау, дүние-мүлікті бүлдіру сияқты келеңсіз әрекеттердің жолын кесу ісіне атсалысатын болады.

Алмасбек САДЫРБАЕВ,
«Шопан ата» мал өсірушілер қауымдастығының төрағасы

Бұзақылар жауапқа тартылсын

Кейінгі күндердегі республиканың әр өңірінде болып жатқан бас көтерулер қоғамды алаңдатып отыр. Әсіресе, Алматыдағы жағдай адам шошытады. Ешкім бұл бейбіт шерудің бұлай бассыздыққа ұласарын болжаған жоқ. Бассыздықтан бұрын адам өміріне қиянат жасау – шектен шығу.

Алматыдан жетіп жатқан түрлі сан-қилы жаңалықтар мен көріністер бұл ахуалдың қауіпті деңгейде екенін көрсетеді. Осы орайда Мемлекет басшысының қабылдаған шешімі, яғни ҰҚШҰ-дан көмек ретінде әскер сұрауы дәл осы жағдайда батыл қадам деп білемін.

Террористік сипат алған бұл жаппай тонау, өртеу, қирату фактілерінің артында үлкен топтар болуы мүмкін. Өйткені бейбіт шерумен басталып, Президенттің халық талабын орындаған шешімдерінен кейін де жалғасып жатқан жантүршігерлік оқиғалар әлі толастар емес. Демек Алматыдағы жаппай орын алған бассыздықтарға арнайы жаттығудан өткен адамдар барып жатқаны анық. Олардың неше күнге созылған іс-әрекеттеріне тосқауыл қоймаса, жағдай тіпті қиындайын деп тұр. Сондай-ақ ол азаматтардың бәрін жауапқа тарту қажет. Қоғамның тынышын бұзған бұзақылар жазасыз қалмауы керек.

Серік АҚСҰҢҚАР,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын

Қазақ елі мемлекеттілігін қалпына келтіргеніне 30 жылдығын атап өтіп, жаңа белеске бет алған сәтте тәуелсіздігімізге сызат түсіру мақсатымен, белгілі мүддені көздеген әлдебір күштер террорлық әрекетпен азаматтарымызға қастандық жасап, отандастарымыздың дүние-мүлкіне нұқсан келтіріп, елді ойрандап, мемлекеттік әкімшілік ғимараттарға шабуыл жасап, елдігімізге қауіп төндірген сәтті бастан кешудеміз.

Елімізде орын алған жайт халқымыздың жаңаша тарихындағы тауы шағылып, табаны тайғанаған сәт ретінде орын алары баршамызға аян.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың салиқалы, салмақты басшылығымен тиісінше шұғыл кадрлық өзгерістер енгізуі, дер кезінде жағдайды толық бақылауды қолға алуы бірден оң нәтижесін бергеніне баршамыз куәміз, сондай-ақ Мемлекет басшысының халыққа бірнеше мәрте үндеу айтуы да азаматтарымыздың үрейге бой алдырмауына және адамдарға қауіпсіздігінің қамтамасыз етілетініне сенім ұялатты.

Алайда еліміздегі ахуалды реттеуге, террористік күштерге қарсы күрес барысында ерлігімен жанкешкен асыл азаматтар да, өкінішке қарай, бар. Әрине, тәуелсіздігіміз таразыға түскен сәтте ерлікпен көз жұмған асыл азаматтардың есімдері ел тарихынан орын алары сөзсіз!

7 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа кезекті үндеуін жолдады. Атап өтерлік жайт, барша қазақстандықтардың аталған үндеуді бір деммен тыңдап шыққаны күмәнсіз деп ойлаймын. Елдегі жағдай біршама реттеліп, конституциялық тәртіп жүйеленуде, десек те террористік топтардың әлі де бірлі жарым қарсылық таныту, мемлекеттік және жекеменшікке нұқсан келтіру әрекеттері жалғасуда.

Президент Қ.К.Тоқаевтың тікелей басшылығымен қалыпты бейбіт өмірге оралатынымызға, мемлекеттік басқару ісіндегі орын алған ахуал тиісті бағасын алып, тиісінше шешім қабылданатынына, азаматтық қоғам институттары да орын алған саяси оқиғадан сабақ алып, қорытынды шығаратынын да, мемлекеттілігімізге сызат түсіруге бұдан былай жол бермеу үшін әрбір азамат өзіндік түйін жасайтынын да баса айтуға болады.

Қазақ елінің саяси процесінде орын алған қауіпті еңсеру үшін бір деммен қолдау көрсеткен халқына Президент Қ.К.Тоқаевтың алғыс айтып, игілікті өмір сүруді тілеуі – Мемлекет басшысы еліміздің саяси-экономикалық дамуына айтулы өзгерістер енгізетінінің айғағы демекпіз.

Бағыш ГАБДУЛИНА,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ саясаттану кафедрасының меңгерушісі, профессор

...Құдай да, келер ұрпақ та кешірмейді

Бұрындары виртуалды ақпараттан көріп, ішімізді тартып жүрген үрейлі оқиғалардың дәл біздің Қазақ елінде орын алуы жүрегімізді қан жылатып отыр. Кеше ғана жайнап тұрған Алматы қандай күйге түсті?! Баршамыздың мақтанышымыз емес пе еді?! Қалай ғана қолы барып, көзі қиып қиратты екен...

Халқымыздың «Досқа күлкі, дұшпанға таба болма», «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңіледі», «Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа» деген сияқты даналықтарын қалай естен шығардық? Бейбіт шеруге жанашыр болған аңғал жұрттың үкілі үміті мен сенімі арандатушылардың дүлей күшімен күл-талқан болды. Өкініште шек жоқ. «Жау жоқ демес, жар астында» дегеннің кері келді.

Егер отбасымыздың берекесін тілесек, халықтың қамын ойласақ, еліміздің ертеңіне алаңдасақ, есімізді жиып, жедел сабырға келуіміз қажет. Ниеті бұзықтардың арандатуына еріп, дүлей күштің жетегінде кетіп, орны толмас өкінішке тап болған бауырлар райларынан қайтса екен дейміз. Туған елдің теңдессіз бақыты – туған Отанымыздағы еркін еңбек пен бейбіт өмір.

Егемендіктің арқасында басымызға орнаған бақтың қадіріне өзіміз жетпесек, жанымызды салып қорғамасақ, оны бізге ешкім де сыйға тартпайды. Сондықтан барша қазақ елі, Президентіміздің төңірегіне тастүйін болып топтасуымыз керек. Осындай сын сағатта алауыздыққа жол беріп, жан-жаққа тартсақ, басты құндылығымыз – тәуелсіздігімізге қатер төнеді. Оған жол берсек, бізді Құдай да, келер ұрпақ та кешірмейді.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры

Бабалар қасиетін сақтаңдар

Бүгінгі жастар – Әл-Фарабидің, Абылай ханның, Бөгенбайдың, Райымбектің үміт артқан ұрпағы. Олар кешегі Алаш арыстары – Әлиханның, Ахметтің, Міржақыптың ұрпағы. Сол тұлғалардың арманын жаңғыртатын бүгінгі жас толқын. Адаспаңдар, қанаттарым.

Сендер кешегі қайсар Бауыржанның ұланысыңдар. Сол Бауыржан аталарың «Тәртіп тән үшін, ынтымақ жан үшін керек. Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды. Елсіз ер бола ма, жұртсыз жігіт бола ма. Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген еді. Сендер жүректілікті тентектікпен емес, ерлікпен Отан қорғауда көрсетіңдер. Қасиетті жерді, ата-бабаның рухын сақтауда көрсетіңдер. Сатқындардың ісіне ермеңдер. Сатқындардың сөзіне сенбеңдер.

Осы елдің алтын діңгегі, алтын арқауы – жастар. Сендерге артылар үміт те, сенім де көп. Адаспаңдар! Адасып барып, үйірді тапқан – ол да ұлылық. Мен сендерді сол ұлы жолға шақырамын. Бабалардың жолынан адаспаңдар. Бабалардың қасиетін сақтаңдар. Киелі тәуелсіздікті сақтаңдар. Қазаққа тәуелсіздіктен артық не бар...

Сүлеймен МӘМЕТ,
ардагер журналист

Елдік пен ерлік салтқа адал болайық

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық билік тетіктерін және елдегі орын алған жағдай бойынша жауапкершілікті қолына алды. Қарапайым халықтың талап-тілегі орындалды, газ бағасы төмендеп, жанар-жағармай реттелді. Үкімет отставкаға кетті, биік құрамында да өзгерістер болады.

Президент күрделі реформаларды бастайтынын айтып жатыр. Қордаланған әлеуметтік-экономикалық, саяси мәселелер кезеңкезеңімен шешілетіні анық.

Өкінішке қарай, еліміздің бірқатар аймақтарында радикалды топтар тәртіп бұзып, қала инфрақұрылымына, шағын және орта бизнеске залал келтірді, сонымен қатар азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер төндіріп жатыр. Халық арасында теріс үндеулер жүргізілуде. Бұл жағдайлардың ушықпауы үшін құқық қорғау органдары тиісті шаралар жасап, алдын алуда. Қазір полиция және басқа да заң сақшылары күшейтілген режімде жұмыс істеуде.

Президент өзінің халыққа жасаған үндеуінде қазақстандықтарды іштен және сырттан болған жалған ақпаратқа сенбеуді, тәртіпсіздіктерге ермеуді, парасат пен ақылмен ғана шешім қабылдауға шақырып отыр. Сонымен қатар жастарға жарқын болашақтарына балта шаппауын, жақындары мен туыстарының жағдайын ойлау керектігін баса айтуда.

Менің барлық саналы азаматқа айтарым, арғы арналардан келе жатқан ата-бабаларымыздың елдік пен ерлік салтқа адал болғанымыз жөн. Жастардың арандап қалуының алдын алуға үлес қосайық.

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
ғалым, филология ғылымдарының докторы

Аза тұтудың азабы

Соңғы күндері елімізде болған оқиғалар тізбегі бәрімізді қалың ойға батырып, көкейіміздегі сұрақ атаулыны ұлғайта түсті. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесін жыл бойы жалаулатып, мерейтойлық қорытынды жиынды өткізгеніміз кеше ғана еді. Арада екі апта өтер-өтпестен Жаңаөзеннен басталған бейбіт жиынның соңы қанды қақтығысқа ұласты. Неге бұлай болды?

Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Сансыз сұраққа бас қатырып, жауап таппай қиналған сәтте өткен тарихты парақтап, кітап ақтарып, болмаса аға буынның айтқанынан жауап іздейтін дағдымыз бар. Елімізге, әлемге танымал тұлғалардың бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарынан алынған дәйексөздерге қайта көз жіберіп, жанымызды жаралаған сауалдарға жауап тапқандай болдық...

«Білесің бе, соңғы күндері Отаныма оралу маған өте ауыр тиетін болып жүр. Ұят секілді. Ана жақта, Еуропада басқа өмір, ал бізде басқаша өмір. Адамдарға обал-ақ, ал олар еуропалықтардан да әлдеқайда жақсы өмірге лайықты ғой», дейді Адамзаттың Айтматовы. Шоң қайраткердің Еуропада қызмет етіп, өмір сүргенімен, болмыс-бітімі Отанымен, елімен біте қайнасып жатқаны ғой. Жазушы елінің еуропалықтардан да жақсы өмір сүруге лайықты екенін ойлап, ерекше күйінеді. Бірақ ұлтының ұятына айналған Айтматовтың өзі туған халқының жақсы өмір сүруіне қолұшын соза алмай қиналады, ұяттан өртенеді. Қандай шарасыздық?!

Шыңғыс Айтматовтың қалай болғанда да елінің тұрмыс-тіршілігіне алаңдап, олардың тағдырына жаны күйзелетін нағыз халық жазушысы екені осыдан-ақ айқын көрінеді. Задында, мұндай қасиет кез келген ұлт зиялысына тән болуы тиіс. Халқының болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін, рухани әлеуетін ұлт зиялыларынан артық кім біледі, кім бағалай алады дейсіз. Грузиннің атақты актері Вахтанг Кикабидзенің айтқанына да ризашылықпен құлақ қоятынымыз да сол. «Ертең үрім-бұтағың сенің есіміңді алып жүруден, сенің әулетіңнен екенін айтудан ұялмайтындай өмір сүру керек», дейді актер. Кез келген пенде Кикабидзе айтқан ұғым шеңберінде тіршілік кешіп, әулетінің ұятын ойласа, ұлтының атына да ұят келтірмес еді-ау. Ұятты ойлағандар биліктің қолжаулығына айналып, халқына қиянат жасамақ түгілі, елінің намысы үшін Кикабидзе сияқты өзіне берген жоғары марапаттан (Ресейдің) да бас тарта алады.

Задында, халық өз қаһармандарын ардақтай да біледі, төрге де шығарады, төбесіне де көтереді. Керек десеңіз, көзі тірісінде қоладан мүсінін құйып, ескерткіш те тұрғызады. Елінің даңқын асырып, жеке жетістігі арқылы төл мемлекетін озық елдер қатарына қосқан жандарға ескерткіш орнату – елдің де, ердің де абыройы! Әйтсе де, әлемге әйгілі украиналық жеңіл атлет Сергей Бубка өзіне осылайша ерекше көрсетілген құрметтен ыңғайсызданатын, ұялатын тәрізді. «Донецкіде маған ескерткіш орнатайын деп жатқанынан хабардар болдым, әрі оны құптай қоймадым. Донецкінің қалалық кеңесі шешім қабылдағаннан кейін, амалсыз көндім. Ал өзімше бұл ескерткіш Сергей Бубка деген адамға емес, спортшы Сергей Бубкаға қойылған ескерткіш деп қабылдадым. Сол себепті ескерткіштің жанынан өткен сайын мен оған: «Сәлем» деп айтамын», дейді спортшы.

«Ұлық болсаң, кішік бол» демекші, елін төрткүл дүниеге танытқан Бубканың қарапайымдылығы оның абыройын бұрынғыдан да асқақтата түсері анық. Еліне нағыз еңбегі сіңген тұлғаға, ұлтының ұятына айналған азаматқа көзі тірісінде қанша ескерткіш қойса да жарасады емес пе!

...Ескерткішті бейбіт күннің батырларына көзі тірісінде қойғанға не жетсін?! Ал біз көп жағдайда елдікті қорғау жолында ерен ерлік көрсеткен ерлерді қаза болғаннан кейін ғана ұлықтаймыз. Соңғы отыз жыл ішінде төтенше апаттан, жарылыстан көз жұмғаны бар, лаңкестер қолынан қаза тапқаны бар – қаншама батырымыздан айырылдық десеңші. Құдай-ау, үш онжылдық ішінде елімізде қанша мәрте аза тұту күні жарияланды? Аза тұту күні демекші, елдің аза тұтуына байланысты Ресейдің халық әртісі Наталья Селезневаның бір кезде айтқаны күні кеше жадымызда қайта жаңғырған еді. «Қайғы-қасіреттен әбден шаршадық. «Мәңгілік жадымызда сақталады» деген сөз тіптен қажытты. Кімдерге арналған? Жастарға...» дегенді актриса Қазан қаласындағы суға батқан кемеде қаза болғандарды аза тұту күнінде...

P.S. *Ұлт зиялыларының бойында ұят атаулы менмұндалап тұрса, аза тұтатын күндер де азаяр еді-ау. Ал әзірге аза тұтудың азабын тартып-ақ жатырмыз...*

Уведомляю, что было открыто наследство после смерти гр. Уркембаевой Гульнары Естемесовны, 05.07.1964 года рождения, умершей 15 августа 2021 года. Наследственное дело находится у нотариуса города Нур-Султан Ахметжанова А.К.Наследники и заинтересованные лица могут обратиться в нотариальную контору по адресу: г.Нур-Султан, ул.Иманова, дом 34, ВП 6, телефон: 8 701 555 61 21.

Открылось наследство после смерти Омарбекова Максата Кабзакиевича, умершего 22 августа 2021г. Обращаться нотариусу Маркабаеву А.Ж. по адресу: г.Нур-Султан, проспект Б.Момышулы, 13 а, офис 11, телефон: 8 707 363 2982.

Открыто наследственное дело после смерти Алтаева Ерика Достановича, умершего 15 июля 2021 года. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу г.Нур-Султан Сейдимбековой Замзагул Бектурсыновне до 15 января 2022 года по адресу: г.Нур-Султан, пр.Бауыржан Момышулы, д.16, ВП-17 (ЖК Восток), телефоны: 505215 или 87017734936.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Кеңсенің қызметкері Дина Құнанбайқызы Мұхамедсәлімоваға орны толмас ауыр қайғыға ұшырауына – анасы
Қаукар БАЛТАБАЙҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ҚР МШКҚӨ ҰО» РМК басшылығы мен ұжымы химия ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Баешов Әбдуәлі Баешұлына ағасы
Әбділәкім БАЕШҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұр-Сұлтан қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа ұлы
ЕЛНАРДЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұжымы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаевқа ұлы
ЕЛНАРДЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасы
Владимир КУРЯТОВ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Айбын ШАҒАЛАҚ – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН – «Егемен Қазақстан» РГ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР
Экономика бөлімі
Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМҰРАТ
Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН
Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС
Интернет-редакция бөлімі
Динар КЕРІМ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 4 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 111 400 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Мирас АСАН